

Соңғы уақытта елімізде қылмыстық құқық бұзушылық көрсеткіші азайды. Қоғамдық орындар мен көшелердегі тәртіп те біртіндеп жақсарып келеді. Дегенмен интернет алаяқтық пен есірткіге қатысты қылмыстар қоғамды әлі де алаңдатуда. Бұл дерек прокуратура органдарының алғашқы жеті айға жасаған есебінде көрсетілді.

Қоғамда «Заң мен тәртіп» идеологиясын ілгерілету, халық арасында заңға бағынатын мінез-құлық қалыптастыру дәйекті түрде жалғасып жатыр. Есесіне елде қылмыстық ахуал түзелді. Былтыр осы кезеңде 82 573 жағдай тіркелсе, биыл бұл 76 512 дерекке азайды. Интернет алаяқтық пен есірткі мәселесімен де күрес қарқыны күшейтілді. Елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы негізінде қауіп-қатерді ерте анықтау және алдын алу жұмыстары тұрақты жүргізіліп отыр. Мүдделі органдардың бірлесе жұмыс істеуінің арқасында әзірге 61 кибертоп әшкереленіп, 217 «дроппер» қылмыстық жауапқа тартылды. Ғаламторды кезген 88 мың есірткі дүкенінің шоттары жабылды.

ІІМ Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаменті мен Ұлттық банк бірлесе «Антифрод орталығы» жүйесі арқылы 2,5 млрд теңгені бұғаттады. Бұдан бөлек, байланыс операторларының көмегімен 67 млн жалған қоңырауға шектеу қойылды. Жыл басталғалы киберқылмыс жасаған 900-ге жуық адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Бірақ нақты нәтижеге қол жеткіздік деуге әлі ерте. Себебі республика көлемінде алаяқтарға жем болғандар саны артып барады. Өткен жеті айдың өзінде осындай 13 800 дерек тіркелген. Тұрғындардың шығыны миллиондап емес, миллиардтап саналады. Бір ғана Ақмола облысында интернет алаяқтық көрсеткіші 50%-ға өсіп кеткен.

– Биыл қаңтар-шілде аралығында облыста қылмыстық ахуал өзгерді. 7 айда құқық қорғау органдарына 70 038 өтініш пен хабарлама түсті. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 15,3%-ға көп. 4 мыңға жуық қылмыстық құқықбұзушылық тіркелді. Облыста интернет алаяқтық белең алып тұр.

Akorda.kz

(Жалғасы 6-бетте)



МІНБЕР

Президент Жоғарғы Сот төрағасын қабылдады



Мемлекет басшысының қабылдауында болған Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев жеті айдағы сот жүйесі қызметінің қорытындылары жөнінде баяндады. Онда азаматтық істер бойынша дауларды шешудің баламалы әдістерін қолдану 24 пайызға, яғни, 61 мыңнан 76 мыңға дейін өскені айтылды. Олардың қатарында медиация, бітімге келу мен татуластыру рәсімдері бар.

Асламбек Мерғалиевтің айтуынша, азаматтардың мемлекеттік органдармен арадағы даулар бойынша құқығын қорғау шеңберінде әкімшілік органдар мен лауазымды тұлғалардың 2,6 мың актісі (57 пайыз) заңсыз деп танылды. Сондай-ақ қылмыстық іс жүргізуде конституциялық құқықтар мен бостандықтарды қамтама-

сыз ету бағытында тергеу соттарының қамауға алуды санкциялаудан бас тарту үлесі 23-тен 37 пайызға өсті. Ақталған азаматтардың саны (жеке айыптау істерін қоспағанда) 59-дан 88-ге жетті. Ал Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 1 шілдеден бастап жұмыс істей бастаған дербес кассациялық

сотқа алғашқы айдың өзінде 5 мыңға жуық арыз-шағым түскен. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бұл кездесуде халықтың сот жүйесіне сенімін нығайту және сот төрелігінің сапасын арттыру жұмыстарын жалғастырудың маңызды екенін атап өтті.



АЛТЫН ТАМЫР

ҰЛ ТӘРБИЕСІ нашар болса, ұлт тәрбиесі нашарлайды

Қазақ халқы туыстық атауға бай. Әр адамның өмірінде өз жұрты, нағашы жұрты мен қайын жұртының өзіндік орны бар. Осыған қарамастан халқымыз тек әке жағынан келетін туысын ғана қандас санаған. Мәселен, туыс, туысқан, туыстас, ағайын, ағайынды, ағайындас, бауырлас, тұқымдас, ағайын-тума, аталас, төркіндес, өрен-жаран сөздері бір атадан өрбіп тараған, төркіні, туыстығы жақын адамдар деген мағынаны білдіреді.

Бұрынғы адамдар байлықтың, бақыттың ең мәртебелі белгісін ұрпағының, әсіресе ұлдарының көптігімен есептеген. Жасы үлкендер үлкенге құрмет, кішіге ізетімен көзге түскен келіндеріне «Ұл тап» десе, елдің сөзін сөйлейтін азаматтарына «ұрпағыңмен мың жаса» деп бата берген. Сондай-ақ «Артында қызы бардың көзі бар, ұлы бардың өзі бар» деп ұлды еркек тәрбиелеген-

мен, ұлтты әйел тәрбиелейтінін де жақсы білген. «Әйел тәрбиесі нашар болса, еркек нашар болғаны. Ұл тәрбиесі нашар болса, ұлт тәрбиесі нашар болғаны» деп санаған.

Қазақ өзіне жаққан бесікті ұрпақтан-ұрпаққа сақтайды. Сондықтан атасы жатқан бесікке немерелері жатады. Баласы көп үйдің бесігін жақсы ырымға жорып, тек жақын туыстары қалап алып, жаңа

түскен келіннің отауының төріне қоятын жағдайлар да болған. Өкінішке қарай, қазір үйленіп, еншісін алып, бөлек шыққан соң атадан-балаға мирас болған бесіктің қадірі мен қасиетін ұмытып, кейбір әйелдер қалалық жерде оны күресінге тастап жатқанын көз көріп, құлақ естіп жүр.

«Жеті атасын білмеген жетесіз» деген халық ұрпағының жеті атаға дейін қыз алысуына тыйым салған.

Дала заңы бойынша: ерлі-зайыптылар ажырасқанда балалар әкесінде қалады; еркектің белсіздігі анықталса, әйелдің ажырауға қақысы бар; Күйеуі қайтыс болса, әйелі бір жылға дейін тұрмысқа шықпайды; Жесір әйел «ерден кетсе де, елден кетпейді», күйеуінің ағасы немесе інісіне тұрмысқа шығуы тиіс. Егер әйел басқа біреуге кететін болса, бұл «жесір дауы» заңымен шешіледі; некесіз бала туған әйелге құрмет көрсетілмейді; оң жақта отырып екіқабат болған қыз қалыңсыз беріледі. Бұл заң «Жеті жарғыда» да бар.

Ұлт тазалығы үшін жеті ата ішінде қан алмастыру өлімге немесе ағайындар белгілеген жазаға бұйы-

рылады (2-бап). Отбасы тұтастығы үшін: егер екіқабат әйелді атты кісі қағып кетіп, одан өлі бала туылса: 5 айлық бала үшін – 5 ат, 5-9 айға дейінгі балаға әр айына бір түйе төлейді (8-бап). Әйелді зорлау кісі өлтірумен бірдей қылмыс болып есептеледі. Мұндай қылмыс үшін еріне немесе қыздың ата-анасына құн төлеуге тиіс (9-бап). Әйелі ерінің көзіне шөп салу үстінде ұсталса, ері оны өлтіруге қақылы (10-бап).

Адам құқығы және мүлік меншігіне қатысты: егер әкесінен енші алған ұл баласыз болып өлген болса, онда оның қожалығы өзінің әкесіне беріледі. Жасы кіші балалары жақын туыстарының қамқорлығына беріледі. Ал олар болмаған болса, бетен, бірақ сенімді адамдарға беріледі (23-бап).

(Жалғасы 6-бетте)

3-бет



Кестеге байланбай еңбек ету – бүгінгі жастар тандауы

4-бет



Бар қамқорлық – балаларға

8-бет



Кепкен балық



ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

Алаяқтардың аңдитыны – жеңіл табыс, оңай олжа. Азаматтарды алдау арқылы күнін көріп жүрген алаяқтарда аяушылық, ұят деген сезім болмайды. Басқаны былай қойғанда, зейнеткерлердің жерлеу рәсіміне деп тиындап жинаған ақшасын алдап алып кететін алаяқтардың әрекеті кімді болсын ойландырмай қоймайды. Интернеттің дамуымен алаяқтық қылмыстары тіпті үдей түсті.

Бүгінде республика халқының ба-
сым бөлігі интернет қызметін тұтына-
ды. Интернет кеңістігі – білімнің де,
қызметтің де, сауда мен қарым-қаты-
настың да басты алаңына айналды.
Осыны пайдаланған алаяқтар да ин-
тернетті табыс көзі ретінде пайдалану-
да. Мәселен, қазіргі кезде интернет-а-
лаяқтықтың бірнеше түрі белгілі. Оның
біріншісі – фишинг. Мұнда азаматтар-
дың жеке мәліметтерін алу үшін ала-
яқтар электрондық хаттар, веб-сайт-
тар немесе мәтіндік хабарламаларды
қолданады. Әсіресе, «Сіз ұтысты бол-
дыңыз», «Жаппай сатылым», «Сіз
жеңімпазсыз» деп желпіндірген жан-
дардың қақпанына түсетіндер оңай ол-
жаға ие болам деп барлық жеке дерек-
терін алаяқтарға ұсынып, жинақтағы
қаржысынан айырылады. Бұған қоса
бірнеше банктен атына несие рәсім-
делгенін біліп, бармағын тістеп жата-
ды. Сондықтан, белгісіз сілтемеге өтіп,
күмәнді қоңырауларға жауап бермеген-
нен. Жеке деректерді құпия сақтау
керегін де ұмытпаған абзал.

етіп, жалған инвестициялық мүмкіндіктер ұсынушылар қақпанына түскендер де ел ішінде аз емес.


Сондықтан, интернет алаяқтарға қатысты құқықтық түсіндіру, қылмыстың алдын алу жұмыстары тоқтамауы керек. Бас прокуратураның құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің дерегіне, 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстанда 23 мыңға жуық адам интернет-алаықтықтан зардап шеккен. Тіркелген интернет-алаықтық қылмысының саны 14 мыңнан асты, бүт өткен жылмен салыстырғанда 22-23%-ға көп. Арызданушылардың алдану тарихын зерделесек, елімізде «банк қызметкерлерінің» қоңыраулары арқылы және интернеттегі жалған хабарландырулар арқылы алдау әрекеттері ең көп таралған схема болып отыр.

Осыған орай сот саласы да интернет алаяқтықтың алдын алу үшін азаматтарды ақпараттандыру, заңдағы жауаптылықты түсіндіру бағытында ауқымды шараларды қолға алуда. Сонымен қатар, Қазақстанда 2025 жылғы 16 қыркүйектен бастап Қылмыстық кодексіке жаңа 232-1-бап енгізілді. Бұл өзгеріске сәйкес, дропперлік үшін жауаптылық көзделген. Яғни, енді банктік шот немесе карта деректерін бөтен адамға беру; өз картасын пайдаланып, басқа біреудің ақшасын аударуға немесе төлем жасауға көмектескендер қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Қазір осы бағытта түсіндіру жұмыстарын жүргізу маңызды.

Рахымжан БЕЙСЕНОВ,
Ақтау қаласы
№2 сотының төрағасы

Сот – мемлекеттегі заңдылық пен қауіпсіздіктің тірегі. Азаматтардың мемлекеттегі әділдікке, тура төрелікке деген сенімі осы сот алаңындағы жұмыстың дұрыс ұйымдастырылуына, судьялардың кәсіби біліктілігіне, сот актілерінің сапасына қарап қалыптасады. Сондықтан да сот жұмысын жаңғыртуға байланысты реформалар бір сәт те тоқтаған емес.

Қазақстандық сотта қолға алынып жатқан әрбір бастаманың басты мақсаты заң үстемдігін орнатып, азаматтар құқығын әділ азаматтардың сот төрелігіне қол жеткізуіне мол мүмкіндік беріп, инвестиция тартуға, бизнес жүргізуге оңтайлы жағдай жасайды.



қорғауға бағытталған. Күні кеше тәжірибеге енгізілген дербес кассациялық соттар да осындай биік мақсатты көздейді. 1 шілдеден бастап жұмысына кіріскен үш дербес кассациялық соттың бағыт-бағдарын түсіндіріп, халыққа құқықтық жол көрсету аса маңызды. Өйткені, халықтың қалауына орай қолға алынған бұл жаңашылдық халықтың қажетіне жарауы, елге сапалы қызмет етуі тиіс.

Кассациялық соттың жаңа моделі – көпшіліктің ұсыныс-тілегін шындыққа айналдыруымен бағалы болып отыр. Осы ретте бұл реформа Президент айтқан «Кассациялық соттардың дербестігі

Ең бастысы, бұл әділдік қағи-
даттарын және құқық үстемді-
гін толық жүзеге асыруға ықпал
етеді», – деген ұстанымына сай
деп сеніммен айта аламыз.

Қолданысқа енгізілгеніне бір айдан аса уақыт өткен кассациялық соттардың негізгі жұмысы – төменгі саты соттарының шешімін қабылдау кезіндегі заңдар мен құқық нормаларын дұрыс қолдануын тексеруге бағытталған. Соған орай төменгі сатыларда қандай да бір қателік анықталса, кассациялық сот шешімін күшінен жояды, өзгертеді немесе қайта қарауға жібереді. Бұл өз кезегінде төменгі саты соттарының жауапкершілігін арттыруға ай-

рықша ықпал етпек.

Кассациялық соттардың жұмыс тәртібін де жұртшылыққа таныстыру, түсіндіру міндет. Айталық бұл дербес соттарға азаматтар тек апелляциялық соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін ғана шағым бере алады. Сондай-ақ, тараптар шағымдануға болатын соңғы саты болғандықтан, кассациялық соттың шағымы қайта қаралмайтынын да қаперден шығармаған абзал.

Бұрын кассациялық соттардың таңдап қарау әдісімен жұмыс істегені мәлім. Ал жаңа өзгеріске сай кассациялық сот жаппай қарау әдісімен жұмыс істейді, яғни, шағымдар алдын ала қараусыз кассациялық соттың өндірісіне тікелей түседі. Бұл бастаманың ең басты тиімділігі осында. Тағы бір ерекшелігі сот процесіне тараптар міндетті түрде қатысырылады. Зандардың біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету де – кассациялық соттың негізгі міндеті. Бұдан бөлек, шағымдарды қарау мерзімі 6 айдан аспайды.

Тәжірибеге енді қосылған кассациялық соттардың қоғамда алатын маңызы өте жоғары. Сот жүйесін жаңғыртуға арналған жаңа саты болғандықтан, кассациялық соттар әділдікті қамтамасыз ету, қателіктер мен заң бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ, апелляциялық соттардың шешімдерін қайта қарау міндеттерін тиімді жүзеге асырады даусыз.

Алинасыр ҚАДЫРОВ,
Қонаев қаласы
әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
төрағасы
Алматы облысы



КӨЗҚАРАС

Қазақстан үшін тәуелсіздіктен қымбат, азаттықтан қадірлі еш нәрсе жоқ. Ал осы егеменді елдің дамуында Конституцияның орны зор. Ата Заң мемлекеттің әлеуметтік жағдайын көтеріп, азаматтардың алаңсыз өмір сүруіне барлық мүмкіндік жасап қоймай, тәуелсіз елдің қалыптасуы мен өркендеуі жолында басты бағдаршам болып келеді.

Конституцияның 1-бабында дәйектелгендей, мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Осыған орай Ата Заңымыздан бастап, мемлекеттегі барлық заңнамалар азаматтардың құқығы мен бостандығын сапалы қорғап, тыныштық пен татулықта тірлік етуіне негіз қалап отыр. Біздің елімізде әрбір адамның өмірі мен қауіпсіздігі, пікірі мен тілегі бағалы. Соның арқасында Конституцияда да адамның жеке өміріне, жандар-қасиетіне қол сұғылмауы, әркімнің өзінің және отбасылық құпиясының болуы, абыройы мен ар-намысының қорғалуы басты орынға қойылған. Сондай-ақ құқықтық, зайырлы елімізде азаматтарды ұлтына, тілі мен дініне, жынысы мен әлеуметтік жағдайына байланысты бөлуге, алалауға ешкімнің құқығы жоқ. Біздің бейбіт елімізді мекен еткен азаматтардың әрқайсысының құқығы тең, мүддесі бір, сәйкесінше бағынатын, бағдар ететін заңы да ортақ. Ол – Конституция.

Конституцияның 1-бабында дәйектелгендей, мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Осыған орай Ата Заңымыздан бастап, мемлекеттегі барлық заңнамалар азаматтардың құқығы мен бостандығын сапалы қорғап, тыныштық пен татулықта тірлік етуіне негіз қалап отыр. Біздің елімізде әрбір адамның өмірі мен қауіпсіздігі, пікірі мен тілегі бағалы. Соның арқасында Конституцияда да адамның жеке өміріне, жандар-қасиетіне қол сұғылмауы, әркімнің өзінің және отбасылық құпиясының болуы, абыройы мен ар-намысының қорғалуы басты орынға қойылған. Сондай-ақ құқықтық, зайырлы елімізде азаматтарды ұлтына, тілі мен дініне, жынысы мен әлеуметтік жағдайына байланысты бөлуге, алалауға ешкімнің құқығы жоқ. Біздің бейбіт елімізді мекен еткен азаматтардың әрқайсысының құқығы тең, мүддесі бір, сәйкесінше бағынатын, бағдар ететін заңы да ортақ. Ол – Конституция.

Ең бастысы, Қазақстан Республикасының азаматтары өз елімізде ғана емес, шет елдерде жүрген кезде мемлекеттің қорғауында болады. Соның арқасында елдің қолдауы мен қамқорлығына сүйенген қаншама жастарымыз шет елдерде білім алып, табысты еңбек етіп жүр. Қазақстанның бейбітшілік сүйгіш екенін білген өзге мемлекеттер де азаматтардың кедергіміз шекара асуына жол ашқан. Бұл отандастарымыздың ел-жер көріп, таңым көңжіегін кеңейтуіне көмектеседі. Сондай-ақ осы алтын көпірдің үзілмеуі кез келген саланың озық елдер тәжірибесін игеріп, алға жылжуына айтарлықтай септігін тигізгіп отыр.

Айталық қазақстандық соттың да шетелдік



әріптестерімен тығыз байланыста жұмыс істеп, тәжірибе алмасуына, шеберліктерін шыңдауына негіз қалаған бастау құжат – Конституция. Соның арқасында шетелдік мықты судьяларының Қазақстанға келіп, өз білім-білігімен бөлісуі қалыпты үрдіске айналды. Бұған қоса еларалық татулық пен бірлікті жалау еткен қазақстандық судьялар озық елдердегі сот жұмысымен етене танысып, судьялардың қызметі, заңдардың қыр-сырын зерделеуге мол мүмкіндік алған.

Қазақстан халқының қолдауымен қабылданған Конституция отыз жыл ішінде әлеуметтік-экономикалық өміріміздің барлық саласында ауқымды реформалардың жүргізілуіне ықпал етті. Уақыт сыны мен халық сүзгісінен сүрінбей өткен Ата Заң мемлекеттегі барлық игі істердің бастауы болды. Осы сауатты құжаттың арқасында еліміз тәуелсіздік алған жылдардағы көптеген қиыншылықтарды ойындайдай еңсерді. Нәтижесінде елде де, әрбір қазақстандықтың жеке өмірінде де зор өзгерістер болды. Бүгінгідей тұрақты, тату, тұғырлы мемлекет Конституциясының арқасында қалыптасқаны талассыз. Алдағы уақытта да Ата заң жақсы істердің, жағымды бастамалардың жаршысы болсын!

Мөлдір БЕКМУХАМБЕТОВА,
Алматы облысы
Кеген аудандық соты
әкімшісінің басшысы

Алайда Қазақстанның құқықтық құжаттарының тарихы тереңнен тамыр тарта-тыны баршаға белгілі. Сонау Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Тәу-ке ханның Жеті жарғысы – көшпелі қазақ қоғамының да заңдарға бағынып өмір сүргенін, ортақ тәртіпке бағынғанын дәлелдейді. Осы заңдардың қай-қайсы-сын алсаңыз да қазақы тәр-бие басты орынға қойылған. Кешірім мен келісімді бағдар еткен қазақы заңдардың түйіні – ел ішіндегі ты-ныштықты сақтауға, ағайын арасындағы сыйластыққа сына түсіреуге, шет кеткен тектендерді түрмесіз-ақ тү-зеуге негізделген. Билердің бір ауыз сөзі бүкіл дау-даладың түйінін тарқатып, тапартардың әділ төрелікке деген сенімін нығайтқан. Ал бүгінгі біздің Конституция – осы тарихи құжаттардың, дала заңдарының лайықты жалғасы. Сондай-ақ би ба-балардың бүгінгі жалғасы деп судьяларды атауға әб-ден болады.

Демократия қағидатта-
рын ұстанған Конституция-
мызға сәйкес мемлекеттегі

біліктің басты нысаны – халық. Ата Заңның қабылда-
нып, көпшілік талабына сай
толықтырылып отыруына
да қарапайым халықтың
пікірі мен ұсыныстары
ықпал етіп келеді. Азамат-
тық қоғам институтының
дамуына серпін берген де
– осы Конституция. Себебі
1995 жылы Конституция жа-
бысын талқылауға еліміздегі
3 миллионнан астам азамат
қатысқан екен. Талқылау
барысында 30 мыңға жуық
ұсыныстар мен ескертулер
енгізілді. 55 бапқа 1100-ден
астам түзетулер мен то-
лықтырулар енгізілді. Бұл
бұрын-соңғы заңнамалар-
ды талқылау барысында
балқалмаған белсенділік.
Осының өзі халықтың мем-
лекеттің ертеңіне бейжай
қарамайтынын, Конститу-
циядағы әр бапқа үлкен
жауаптылықпен қарағанын
көрсетеді.

Мемлекеттің барлық аймағында талассыз қолданылып, елдегі барлық заңдардың қайнар көзі болғандықтан, Конституцияның бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданғаны түсінікті. Әрі осы

Уақыт сынынан сүрінбей өткен Ата Заңымыз егеменді ел тарихындағы өзінің құқықтық құндылығын жоғары дәрежеде дәлелдей білді. Конституция сот саласының да жұмысын жүйелеп, судьялардың тәуелсіздігі мен мәртебесін биіктетті. Бас құжаттың 77-бабында айқындалғандай Қазақстанда «Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституциямен заңға ғана бағынады», «Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады». Мұндай пәрменді баптар еліміздегі соттың беделін көтеріп, дербес құрылым ретіндегі маңызын арттырды.

Отыз жылдан бері қазақстандық соттың дамуына серпін берген бас құжатымыз мемлекеттің дамуына жол салып, әрбір азаматтың айбынды қорғаны бола бергей!

**Нұргүл БАТЫРХАН,
Алматы қаласы
Жетісу аудандық №2
сотының судьясы**

СҰХБАТ

Ақмола облысының Полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес жөніндегі мамандандырылған бөлімінің бастығы Динара Мұғжановамен сұхбаттасып, өңірдегі құқықтық жағдайға қатысты пікірін білген едік.

– Соңғы жылдары тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жағдай қандай деңгейде?

– Биылғы 7 айдағы қорытынды бойынша облыс аумағында 88 қылмыс тіркеліп отыр. Оның ішінде 18-і – жаңа санаттағы ауыр қылмыстар яғни Қылмыстық кодекстің 99, 106 бабы 1-бөлімі, 107-бабы 1-бөлімі, 112-бабы 1-бөлімі, сондай-ақ Қылмыстық кодекстің 108-109 баптары бойынша жасалған қылмыстар. Бұл – тұрмыстық салада құқық бұзушылықтың азаймай тұрғанын айғақтайды.

– Жәбірленушілердің полицияға жүгіну белсенділігі қандай?

– Әйелдердің арыздану көрсеткіші жоғары. Соңғы жылдары құқық қорғау органдарына жүгінген әйелдердің үлесі басым. Ерлерге қатысты зорлық-зомбылық фактілері кездеспейді емес, бірақ олардың полицияға арыздануы өте сирек жағдай. Мұның себебі – қоғамдағы «еркек өзін-өзі қорғауы тиіс» деген стереотип ежелден қалыптасып қалған. Сондықтан ерлер көбіне үнсіз қалуды жөн көреді.

Зорлық-зомбылыққа ұшыраған азаматтардың көпшілігі полицияға бірден жүгінбейді. Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, аса көп жағдайда қорқыныш пен қауіп – «полицияға айтсан, өлтіремін» деген қоқан-лоққылар өз құқығының аяққа тапталуына әкеліп соғады.

ТЫНЫШ ОТБАСЫ – ТҰРАҚТЫ МЕМЛЕКЕТ

Сонымен қатар, экономикалық тәуелділік – жәбірлеушіден ажырасса, отбасын асырай алмаймын деген үрей билеген адамдар құқық қорғау органдарына жүгінуден қашқақтайды. Тағы бірі, құқық қорғау органдарына сенімсіздік – «полиция араласпайды, бәрібір нәтиже шықпайды» деген қате пікір қоғамда әлі де болса бар екені рас. Ең соңғысы әрі аса маңыздысы балалар үшін алаңдау – әкесі қамауға алынса, отбасы толық күйзеліске ұшырайды деген қорқыныш ащы шындықты айтпауға итермелейді.

– Мұндай жағдайда жәбірленушілерге қандай нақты көмек көрсетіледі?

– Ақмола облысында тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған үш бірдей дағдарыс орталығы жұмыс істейді. Атап айтқанда, Степногорск қаласында орналасқан «Өмір», Көкшетау қаласындағы, «Шанс» және Қосшы қаласындағы «Аққу» құқықтық түсіндіру жұмыстарына баса көңіл бөліп отыр. Бұл орталықтарда әйелдер мен балаларға 6 айға дейін паналау орындары ұсынылады. Сондай-ақ, психологиялық, әлеуметтік және құқықтық қолдау көрсетіледі. Медициналық көмек, жұмысқа орналастыру, балабақшаға жіберу, әлеуметтік жәрдемақы рәсімдеу мәселелері де тиімді шешіледі. «111» сенім телефоны арқылы әйелдер мен балаларға тәулік бойы тегін кеңес беріледі. Елімізде зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған кешенді бағдарламалар іске асырылып жатыр.

Соның ішінде «Odaqa» пилоттық жобасы – халықаралық тәуекелді бағалау әдісін ен-



гізді. Соның негізінде Ішкі істер министрлігі арнайы қазақстандық стандартты бекітті. Бұл құрал қайта құқық бұзушылық жасау қаупі жоғары адамдарды дереу анықтауға мүмкіндік береді.

«Отбасы цифрлық картасы» жобасы – әлеуметтік тұрғыдан әлсіз отбасыларды дер кезінде анықтауға көмектеседі. Ұялы мобильді

– Зорлық-зомбылық жасағандарға қандай жауапкершілік қарастырылған?

– Мәселен былтырғы маусымнан бастап зорлық-зомбылыққа қатысты заңнама түбегейлі өзгерді. Бұрынғы айыппұл мен ескерту шаралары толықтай алынып тасталды. Енді ұрып-соғу, жеңіл дене жарақаты қылмыстық деңгейге көтерілді. Полиция арыз болмаса да, әлеуметтік желідегі ақпарат немесе БАҚ арқылы істі тіркеуге міндетті. Сонымен қатар міндетті психологиялық көмек көрсету тәртібі енгізілді. Бұл өзгерістер – зорлық-зомбылыққа «нөлдік төзімділік» принципін орнықтыруға бағытталған.

– Халық арасында ақпараттық-ағартушылық жұмыстар қалай жүріп жатыр?

– Биыл ІІМ бастамасымен «Құқық бұзушылық профилактикасы жылы» жарияланған болатын. Оның аясында Ақмола облысында «Тұрмыс» атты кең ауқымды жедел-профилактикалық іс-шара өткізілді. «Отбасындағы зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» атты республикалық акция да ұйымдастырылды. Шара барысында флешмобтар, челлендждер, брифингтер, қорғаныс нұсқамаларын тарату жұмыстары жүргізіліп, оған 600-ден астам азамат қатысты. Жыл қорытындысында Бейбітшілік және келісім сарайында республикалық деңгейдегі жиын өтті. Онда Президент жанындағы Әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия, ҰЕҰ, мемлекеттік органдар және қоғам қайраткерлері бас қосып, тәжірибе алмасты.

– Әңгімеңізге рақмет! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

КӨКЖИЕК

КЕСТЕГЕ БАЙЛАНБАЙ ЕҢБЕК ЕТУ – БҮГІНГІ ЖАСТАР ТАҢДАУЫ

Бүгінде қатаң жұмыс кестесіне байланбай, уақытын өзі жоспарлап, табыс табудың жаңа үлгісін таңдаған жастар қатары артып келеді. Қазақ қоғамында фрилансерлік тек табыс көзі ғана емес, еркіндік пен шығармашылықты ұштастыратын жаңа өмір салтына айналуда.

Фриланс уақыт пен еңбегін бағалайтын жастардың жаңа таңдауы болып отыр. Еңбек ресурстарын дамыту орталығының дерегінше, елімізде 1 миллионнан астам азамат фриланс арқылы табыс табады. Бұл көрсеткіш – тек ресми тіркелгендердің саны, ал бейресми түрде жұмыс істеп жүргендердің қатары одан да көп болуы мүмкін. Пандемиядан кейін қалыптасқан жаңа өмір салты қазақстандықтардың еңбекке деген көзқарасын өзгертті. Үйде отырып-ақ табыс табуға болатынын түсінген азаматтар оффлайн жұмысқа тәуелді болмай, өз уақытын тиімді пайдалана бастады. Психолог әрі фрилансер Назира Бурханованың пікірінше, бұл үрдіс кездейсоқ емес, керісінше заман талабынан туған заңдылық. «Бұрын адамдар табысты тек ауыр еңбекпен байланыстыратын. Қазір қаржылық сауат ашылып, мүмкіндіктер кеңейді. Ақшаны интеллектуалды еңбектен де табуға болатынын жастар жақсы түсінеді», – дейді ол.

Алайда еркін қызметкерлердің көбеюімен бірге бірқатар әлеуметтік мәселелер де туындап отыр. Фрилансерлердің басты артықшылығы – еркіндік пен имкемдік болса, кемшілігі – тұрақты табыстың болмауы. Кейде бір айда бірнеше жобадан табыс тапса, келесі айда тапсырыссыз қалатын жағдай жиі кездеседі. Сондай-ақ келісімшарт жасалмаса, еңбекақының төленбей қалуы да мүмкін.

Астана қаласы адвокаттар алқасының мүшесі, заңгер Аида Дүйсенбаеваның айтуынша, фрилансерлердің әлеуметтік мәртебесі нақты анықталмағандықтан, мемлекет тарапынан фрилансерлерге арналған әлеуметтік қамсыздандыру (зейнетақы, медициналық сақтандыру) бойынша арнайы жүйе толық құрылмаған. Фрилансерлер әлеуметтік мүмкіндіктерді пайдалануды өз еркімен, өз жауапкершілігімен ғана атқара алады.

– Заң тұрғысынан фрилансерлерге қатысты жеңілдіктер Салық кодексінде қарастырылған. Егер сіз фрилансер ретінде тіркеліп немесе жеке кәсіпкер болсаңыз, белгілі жеңілдіктерге ие боласыз. Салықтық есептеуден кейбір шығындарды (медициналық қызметтер, стоматологиялық емдеу, ипотекалық төлем) шегеруге болады. Егер фрилан-

сер әлеуметтік төлемдерді төлемесе, медициналық қызметі пайдалану немесе зейнетақы жинақтау мүмкіндіктері шектелуі мүмкін, – дейді А.Дүйсенбаева.

Заңгердің айтуынша, фрилансерлердің көбі қызметін ресми тіркемей, келісімшартсыз жүргізеді. Бұл олардың табысын жасыруына және салық төлеуден жалтаруына әкеледі. Нәтижесінде, олар зейнетақы мен әлеуметтік төлемдерді минималды деңгейде төлеп, әлеуметтік қорғаудан тыс қалады. Ал фрилансер жеке кәсіпкер ретінде тіркелсе, төлемі салыстырмалы түрде көп болғанымен, медициналық қызметтерге, ипотекалық төлемдерге қатысты қосымша жеңілдіктерге ие бола алады. Қысқасын айтқанда, сауатыңыз бен есебіңіз тең болса, мүмкіндіктен қағылмайсыз.

Фриланс тек жеке адамның табыс табу жолы емес, қоғамның еңбек нарығына да ықпал етіп отыр. Сарапшылардың айтуынша, фрилансерлердің көбеюі жұмыс берушілерге де тиімді. Өйткені олар тұрақты штат ұстауға қарағанда, жобалық қызметкерлермен жұмыс істеп, шығынды азайтады. Ал бұл өз кезегінде жаңа стартаптар мен шағын бизнеске жол ашады. Қазақстанда IT, медиа, креативті индустрия және білім беру саласында фрилансерлердің үлесі айтарлықтай артқан. Мысалы, онлайн репетиторлық қызмет нарығы жыл сайын өсіп, мыңдаған мұғалімнің қосымша табыс көзіне айналды. Сол сияқты графикалық дизайн мен SMM саласы да еркін жұмыс істеушілер үшін сұранысы жоғары бағытқа айналып отыр. Экономистер фрилансерліктің ел экономикасына қосар үлесі алдағы жылдары арта түсетінін айтады. Біріншіден, жастар шетелдік тапсырыс берушілермен тікелей жұмыс істей алады. Бұл – елге валюталық кіріс әкелудің тиімді жолы. Екіншіден, бәсекеге қабілетті қазақстандық мамандардың тәжірибесі мен кәсіби дағдылары артады.

Сонымен қатар фриланс еңбек нарығындағы дәстүрлі түсініктерді өзгертіп жатыр. Бұрынғыдай тек тұрақты жұмысқа тәуелді болу міндетті емес. Қазір жастар үшін географияның маңызы шамалы – интернет арқылы әлемнің кез келген нүктесінен жұмыс табуға болады. Бұл ауылдық жердегі жастарға да жаңа мүмкіндік береді. Әлеуметтанушылардың пікірінше, фриланс болашақта қоғамда еңбек мәдениетінің жаңа үлгісін қалыптастыруы мүмкін. Яғни «жұмыс уақыты» емес, «нәтиже» басты құндылыққа айналып келеді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

АЙМАҚ

Биыл еліміздің басты заңы – Конституцияның 30 жылдық мерейтойы атап өтілуде. Осыған орай Шымкент қаласында құқықтық мәдениетті көтеруге, қоғам мен билік арасындағы алтын көпірді нығайтуға, заң үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылды. Себебі, құқықтық мәдениет бір күнде қалыптаспайды. Тек іргелі, кешенді шаралардың арқасында ғана құқықтық мемлекетті дамытуға жол ашылады.

КЕШЕНДІ ШАРАЛАР ЗАҢ ҮСТЕМДІГІН АРТТЫРАДЫ

АСЫЛ МҰРАТТАР БАСТАУЫ

Шымкент қаласындағы Пушкин атындағы әмбебап кітапханада Конституция күніне арналған «Ата Заң – асыл мұраттар бастауы» атты кең көлемді кітап көрмесі өткізілді. Көрменің басты мақсаты – Конституцияның қоғамдағы орны мен рөлін дәріптеу, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, жастарға Ата Заңымыздың мән-маңызы туралы терең мағлұмат беруге бағытталған.

Көрмеге ресми басылымдар, саяси-құқықтық әдебиеттер, еліміздің құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуын айқындай-

ушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының өкілдері мектеп маңындағы қауіпсіздікті күшейту бағытындағы атқарылған жұмыстарды баян етті.

Құзырлы органдардың мәліметінше қаладағы 162 мектептің алдындағы жаяу жүргіншілер өткелдері жаңартылып, жол белгілері орнатылған. Жыл басынан бері 154 өткел жарықтан-дырылып, мектептер маңына «Абайлаңыз, балалар!» атты ақпараттық белгілер орнатылған.

– Әрбір мектепке полиция инспекторлары бекітіліп, жол қауіпсіздігіне күнделікті бақылау жүргізілуде. Бұл жұмыстар нәти-

дегі ашықтық пен әділеттілікті арттыруға бағытталған. Шымкент қаласында күдіктілердің құқықтарын қорғауға арналған арнайы алгоритм енгізіліп, бейнебақылау жүйелері толық орнатылған. Нәтижесінде 2023-2024 жылдары азаптау фактілері бойынша бірде-бір қылмыстық іс тіркелмегені мәлім болды.

– Конституцияның ең басты талабы – адам құқығы мен қадір-қасиетін қорғау. Сондықтан әрбір прокурор, әрбір құқық қорғау қызметкері заңдылықты бұлжытпай сақтауы тиіс. Бұл – тек қызметтік міндет ғана емес, халық алдындағы қа-



тын деректер мен тарихи фотосуреттер де қойылған. Бұл шара оқырман қауымға демократиялық құндылықтардың маңызын түсіндіріп, құқықтық сананы қалыптастыруға, Конституцияға деген құрметті арттыруға ықпал еткенін атап өткен жөн.

«АБАЙЛАҢЫЗ, БАЛАЛАР!»

Құқықтық мемлекет қағидатын жүзеге асыру тек заңды түсіндірумен ғана шектелмесі белгілі. Ол ең алдымен халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тығыз байланысты. Жаңа оқу жылы қарсаңында Шымкент қаласында оқушылардың жолда жүру қауіпсіздігіне де ерекше мән беріліп отыр.

Өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте полиция департаменті мен шаһардың жола-

жесінде балалардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғалары азайып келе жатқаны статистикадан көрініп отыр, – деп атап өтті Шымкент қаласы полиция департаментінің өкілі.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ

Шымкент қалалық прокуратурасының бастамасымен Конституция күніне орай «Ата Заң – тәуелсіздіктің тірегі» атты дөңгелек үстел өткізілді. Жиында құқық қорғау органдарының өкілдері, саяси партиялар мен қоғам белсенділері ел Конституциясының маңызы, заң үстемдігін қамтамасыз ету жолдары жайында пікір алмасты.

Прокуратура өкілдері соңғы жылдары енгізілген реформаларға тоқталып, азаптау фактілерін тергеу құзыретінің прокуратураға берілгенін атап өтті. Бұл қадам құқық қорғау жүйесін-

сиетті парызымыз, – дейді прокуратура өкілі Жанерке Атықбаева.

Шымкент қаласында құқықтық мәдениетті көтеруге, «Қауіпсіз қоғам» жобасын жүзеге асыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру, алкоголь мен шылымға тәуелділіктің алдын алу бағытында да ақпараттық-түсіндіру шаралары қарқынды түрде жүргізілуде.

«Заң және тәртіп» қағидаты аясында құқық қорғау органдары мен қоғам арасында тұрақты байланыс орнап, әрбір азаматтың құқықтық сауатын арттыруға баса көңіл бөлініп отыр. Жастар арасында құқықтық білімді жетілдіру, патриоттық тәрбие беру, әділетке деген сенімді нығайту – бүгінгі күннің басты мақсатына айналған.

Майра ТОҚАНОВА,
Шымкент қаласы

МЕРЕЙ

Алда келе жатқан Конституция күні мемлекеттік мереке, мерейлі күн. Биыл Конституциямыздың қабылданғанына 30 жыл толады. Негізгі заңымыз барлық халықаралық стандарттарға сай келетіні баршаға мәлім. Конституция Республиканың бүкіл аумағында жоғары заңды күшке ие және тікелей әрекет етеді.

Жас мемлекеттің жасампаз құжаты

Әртүрлі тарихи кезеңдерде біздің аталарымыз, әкелеріміз, аналарымыз біздің жарқын болашағымыз үшін күресіп, бүгінгі күнге жеткізді. Мұның бәрі Қазақстан Республикасының Конституциясында көрініс тапқан.

Біздің Конституция: «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып» деп басталады. Бұл салтанатты сөздер сыртқы әлемге ашықтық, бірлік пен үйлесімділікке ұмтылуды, шығармашылық жасампаздыққа бағытталуды білдіреді. Бұл жерде қазақ даласының ұлылығы да бар, оның кеңдігі, әртүрлі ұлт пен дінді ұстанатын адамдарды біріктірудің жаңа бесігіне айналды. Құжаттан қоғамымыздың жоғары гуманистік құндылықтары және өзін-өзі құрметтеу мен өзгеге деген құрмет айқын көріңді.

ҚР Конституциясында жалпы ережелерден кейін бірден ІІ бөлім «Адам және азамат», содан кейін Президент, Парламент, Үкімет, Конституциялық сот, Соттар мен сот төрелігі, Прокуратура, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ережелер берілген. Конституцияның мұндай құрылымы кездейсоқ емес, ол заң қабылданған адамның, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары – Ата Заңның басымдықтарына назар аударуға мүмкіндік береді.

1995 жылғы Конституция парламенттік республиканың орнына президенттік басқару нысанын бекітті, мемлекеттік билікті заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлу идеясын дамытты, осы тармақтарды бұрыннан белгілі және әлемдік тәжірибеде сыналған тежеу мен тепе-теңдік жүйесін қолдана отырып, күшті атқарушы билікке баса назар аударды.

Конституцияны жаңартудың тағы бір маңызды аспектісі оның ережелерін халықаралық құқықтың танылған нормаларына сәйкестендіру болып табылады. Бұл ретте конституциялық ережелер қоғамдағы саяси күштердің қалыптасқан орналасуын ғана емес, сонымен бірге қоғамдық және мем-



Сауле ДАНЬЯРОВА,
Павлодар қаласы азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының судьясы

лекеттік құрылымның ұзақ кезеңдегі даму тенденцияларын да көрсетеді.

Ата Заңның әлеуеті сыртқыға тәзімділікпен, ішкі мазмұнына оңдылық, жасампаздықпен ерекшеленеді. Бұл оның мәнін ашуға мүмкіндік береді, оның нәтижесі қоғам дамуының тұрақтылығы. Сот жүйесінде жұмыс істей отырып, осы саладағы Конституция аясында ойдағыдай шешіліп жатқан мәселелердің ауқымын атап өткім келеді. Бұл – адвокаттар қызметінің заңнамалық базасын кеңейту, заңнаманы ізгілендіру, алқабилер соты институтын енгізу, кәметке толмағандар істері жөніндегі сот төрелігі жүйесін қалыптастыру, мамандандырылған соттардың ашылуы, азаматтардың құқықтарын қорғаудың маңызды мәселелері. Ал 2025 жылғы 1 шілдеден бастап жаңа Кассациялық сот жұмыс істей бастады, электрондық құжат айналымы, онлайн режимінде талап қоюды беру және сот шешімдерінің ашық жарияланымдары енгізілді.

ҚР Президенті Қ.Тоқаев қоғамдағы әділеттілік пен заңдылықты нығайту мақсатында халықтың игілігі үшін сот жүйесінде жүргізіліп жатқан реформаға ерекше назар аударады. Осы маңызды күнде баршаңызға бейбіт аспан, келісім мен тұрақтылық тілеймін. Әрбір қазақстандықтың отбасында бақыт пен дәулет орнасын!

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ

Заңның біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету өзекті

Қазіргі таңда сот төрелігін жүзеге асыру жолында кассациялық тәртіптің маңызы артып келеді. Бұл саты заңдылықты, сот шешімдерінің тұрақтылығын және құқық нормаларының біркелкі қолданылуын қамтамасыз етудің тетігі ретінде ерекшеленеді. Қылмыстық-процестік кодексте және Азаматтық процестік кодексте сот ісін жүргізудің кассациялық тәртібі егжей-тегжейлі реттелген. Аталған тәртіптің қолданылуы құқықтық мемлекеттің іргетасы саналатын сот актілерінің заңдылығы мен әділеттігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Нақтылай кетсек, кассациялық соттың басты мақсаты – сот шешімдерінің заңдылығын, негізділігін және әділдігін қамтамасыз ету. Яғни, кассациялық инстанцияның қызметі төменгі инстанциялардың қателіктерін жоюға, құқықтық тәртіпті сақтау мен азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған. Кассациялық сот құрамында білікті судьялар, заңгерлер және мамандар бар, олар сот актілерінің заңдылығын тексеріп, құқықтық нормалардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

Кассациялық сотқа шағым жасау үшін азаматтар төменгі саты шешімдеріне шағымдану жолымен өтініш білдіруі қажет. Кассациялық сот шағымды қабылдағаннан кейін, іс материалдарын қарап, қажетті жағдайда

тыңдау өткізеді. Нәтижесінде, сот актісін өзгерту, жою немесе қайта қарау туралы шешім қабылдайды. Кассациялық сот құқық қорғау жүйесінің маңызды буыны ретінде, азаматтардың құқықтарын қорғауда, заңдылықты қамтамасыз етуде, сондай-ақ құқықтық дауларды әділ шешуде маңызды рөл атқарады. Оның қызметі сот төрелігінің сапасын арттыруға, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға, сондай-ақ қоғамдағы әділеттілік сезімін нығайтуға ықпал етеді. Бұл сатыда нақты дәлелдемелер қаралмайды, қайта соттың құқық нормаларын дұрыс қолдануы, процестік нормалардың бұзылу-бұзылмауы, сот актілерінің негізділігі мен заңдылығы зерттеледі. Бұл өз кезегінде сот жүйесінің ішкі біртұтастығын қамтамасыз

етіп, заңнаманы біркелкі қолдану мәселесіне қатысты тұрақты және бірыңғай практика қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ҚР Жоғарғы Сотының құрылымында жұмыс істейтін кассациялық алқалар азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және өзге де санаттағы істер бойынша түпкілікті құқықтық ұстаным қалыптастырып, төменгі соттардың қызметіне әдістемелік бағдар береді. Бұл – сот жүйесінің қызметін үйлестіретін және бағыттайтын негізгі элементтің бірі.

Кассациялық тәртіптің енгізілуі – тараптар үшін құқықтық қорғаудың қосымша механизмі ғана емес, сонымен қатар сот корпусы үшін сот шешімдерін заң шеңберінде шығаруға деген жоғары жауапкершілік. Жоғарғы Соттың қаулыларында көрсетілген тұжырымдар төменгі сатыдағы соттарға құқықты қолдану кезінде туындайтын даулы мәселелерді шешуге негіз болады. Мұндай құқықтық ұстанымдар нормативтік түсіндіру сипатында болмаса да, тәжірибеде ерекше маңызға ие.

Т.САЛИКОВ,
Ақтөбе қаласы №2 сотының судьясы

РУХАНИ ӨЗЕК

Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық

Әр мемлекеттің ең басты құжаты – оның Конституциясы. Ол елдің саяси, құқықтық және әлеуметтік жүйесінің негізін қалайды. Қазақстан үшін Ата Заң – Тәуелсіздігіміздің берік тірегі, мемлекетіміздің іргетасы.

1991 жылы Тәуелсіздігімізді жариялағаннан кейін, елімізге өз заңнамалық жүйесін қалыптастыру қажет болды. 1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған ҚР Конституциясы – халқымыздың еркін таңдауымен бекітілген, демократиялық қағидаларға сүйенген басты құжат. Ата Заңымызда: Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екені, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық екені, әр азаматтың құқықтары мен

бостандықтары ең жоғары құндылық болып саналатыны айқын жазылған. Конституция тек заңдар жиынтығы ғана емес, ол – халқымыздың мүддесін, арман-мақсатын, болашаққа деген сенімін айқындайтын құжат. Ол қоғамдағы тұрақтылық пен бірліктің кепілі. Әрбір азамат Ата Заңды құрметтеп, оның талаптарын орындау арқылы мемлекетіміздің дамуына үлес қосады. Тәуелсіздік пен Конституция – бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Егер Тәуелсіздік – ел еркіндігінің нышаны болса, Конституция – сол еркіндікті баянды ететін, қорғап тұратын негізгі заң. Сондықтан да Ата Заңды қастерлеу – Тәуелсіздігімізді қастерлеу деген сөз.

Райхан ЖАКИНА,
Ақтөбе облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маман-сот отырысының хатшысы

ШАРА

БАР ҚАМҚОРЛЫҚ – БАЛАЛАРҒА

Үш айлық демалыс кезіндегі оқушылардың ерекше есте қалатын мәдени-суықтыру орындарының бірі – жастардың жаздық лагерлері. Биыл да Кентау қаласы маңында мұндай демалыс орындары тынымсыз еңбек етті. Мыңдаған баланы қарсы алып, жазғы демалыстарын есте қаларлықтай тыңғылықты, көңілді, қауіпсіз өткізуге барынша атсалысты. Міне, жаздың соңы да таяп, балалардың мектепке жиналар кезеңдері басталды. Осы ретте біз өңірдегі жаздық лагерьлердің биылғы маусымдық жұмысына шолу жасамақпыз.

Қазіргі таңда қалада 23 жалпы орта мектеп, 8 жеке-меншік, 1 облыстық (Дарын) мектеп, 3 мектептен тыс мекеме жұмыс істейді. Білім бөлімдерінде мектеп оқушыларының жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілді.

Кентау қалалық білім бөлімі балаларды оқу-сауықтыру лагерьлерімен қамтуды жоспарлы түрде ұйымдастырды.

– Осы жылдың басынан бері республикалық «Балдаурен» оқу-сауықтыру лагеріне Кентау қаласы білім бөліміне қарасты мектептерден 64 оқушы келді. Республикалық «Балдаурен» оқу-сауықтыру лагері Бұрабай, Қапшағай және Төлеби ауданында орналасқан жоғары санатты сауықтыру кешендері. Аталған лагерлерге оқу озаттары, олимпиада жеңімпаздары, түрлі өнер, спорт саласында

жетістікке жеткен оқушылар жолдама алады, – деді Кентау қалалық білім бөлімінің басшысы А.Әуелбеков.

Кентау қаласы білім бөлімінің жоспарына сәйкес оқушылардың жазғы демалыс кезінде қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде сауықтыру бойынша да жүйелі жұмыстар атқарылған. Лагермен қамту алдында жоспарлы түрде ата-аналар мен оқушыларға жаз кезеңінде туындайтын аурулардың алдын-алу және өмір қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы жадынама түсіндіріледі. 2024-2025 оқу жылының жазғы демалыс айларында мектеп жанынан ашылған күндізгі лагерде жоспарға сәйкес 7 мың бала демалған болатын. Оқу-ағарту министрлігінің «2024-2026 жылдарға арналған жазғы демалыс кезінде балаларды сауықтырып, демалысын,

бос уақытын ұйымдастыру» жоспарына сәйкес арнайы бағдарлама түзіліп, оған сай жұмыс Кентау қаласында да атқарылды. Лагер жұмысы 10-15 күн аралығында жүргізіліп, әр күн қызықты әрі тәрбиелік мәні зор іс-шараларға толы болды. Ал енді лагерде өткізілген шараларға тоқталсақ, спорттық жарыстар мен эстафеталар, эко-сағаттар, кітап оқу сағаттары, қолөнер, сурет, шахмат үйірмелері, тарихи-мәдени орындарға экскурсиялар да ұйымдастырылды.

Мектеп жанынан каркасты бассейндер қойылып, жұмыс жасайтын мамандар іріктеліп, оқушылардың келіп-кету уақыты мен олардың қауіпсіздігі жіті бақылауда болды. Кентау қаласының өзінен соңғы екі жылда Қазақстан Халқы Қорының демеушілік етуімен 50 оқушы лагерге барған.

– 2024-2025 оқу жылының



жазғы демалыс айларында Кентау қаласы білім бөлімі тарапынан жазғы сауықтыру лагерімен 1000 баланы қамту бойынша конкурс жарияланып, заңға сәйкес ашық конкурс негізінде «Қаржан Тау-1» ЖШС жеңімпаз атанды. Қазіргі таңда Түлкібас ауданы, «Машат-Арасан» лагерінде, Сауран ауданы «Қарлығаш» лагерінде мың бала жазғы сауықтыру лагерінде демалып қайтты. Облыстық білім басқармасының жоспарына сәйкес әлеуметтік осал топтардан бөлек, тәрбиелік бағытта 20 оқушы «Тау барысы» лагерінде жазғы демалысын пайдалы өткізді, – деді А.Ауелбеков.

Сонымен қатар, қалалық білім бөлімі полиция департаментімен бірлесіп балалардың жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолға қойылған.

– Шынымды айтсам маған жазғы сауықтыру лагері қатты ұнады. Ол жерде біз түрлі ойындар ойнаумен қатар, әртүрлі шығармашылық туынды жасадық. Алғаш лагерьге барғанда ұялы телефонсыз ішім пысатын шығар деп ойлап едім. Бірақ олай болмады. Лагерде ұялы телефонға қарауға уақыт таппадық. Біздің облысымыздағы киелі мекендері аралап, олардың тарихымен танысып қайттық. Мектеп оқушыларына арналған осындай қы-

зыққа толы лагерлер көптеп болса екен деймін, – деді Балауса.

Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруда балалардың жас ерекшелігі, қызығушылығы мен әлеуметтік жағдайы да ескерілді. Жазғы маусымда мектеп оқушыларының 45%-ы түрлі форматтағы лагерьмен қамтылды. Кентау қалалық білім бөлімі алдағы уақытта бұл көрсеткішті арттырып, лагер жұмысының мазмұнын кеңейтуді және қауіпсіздік шараларын жетілдіру бағытында жүйелі жұмыс жүргізуді қолға алмақ.

Раушан НАРБЕК
Шымкент қаласы

РУХАНИЯТ

Абай елінде төрелік ету - үлкен жауаптылық

Абайдың тойы – бірлік пен елдіктің тойына айналды. Жоғарғы Сот төрағасы А.Мерғалиевтің ұсынысымен, Қазақстан Судьялар одағының төрағасы Д.Әмірдің ұйымдастыруымен бұл мерейлі шараға 8 ардагер судья арнайы барды. Досжан Сарманқұлұлы бастаған делегацияның құрамында Қазақстан Судьялар одағының экс-төрағасы, қоғам қайраткері, меценат Б.Тұрғараев, Жоғарғы Соттың ардагер судьялары Р.Мамырбаев, Б.Мақұлбеков, Ә.Қаженов, Т.Қожанов, абайтанушы ардагер судья М.Азбанбаев, Абай облыстық сотының жанындағы Қоғамдық кеңестің төрағасы К.Мұқашов бар.

Бізді әуежайдан Абай облысының әкімі Берік Уәли мен Абай облыстық сотының төрағасы Қайрат Чакпантаев құшақ жая қарсы алды. Содан кейін төраға делегация мүшелерін облыстық соттың жаңадан салынып, пайдалануға берілген төрт қабатты, еңселі әрі зәулім ғимаратына ертіп әкелді. Төраға ардагерлерді өзі бастап мұражайды көрсетіп, одан әрі ретімен әр қабаттағы бірнеше мәжіліс және сот залдарын, кабинеттерді аралатып жүріп, жан-жақты таныстырып шықты.

Содан кейін облыстық соттың судьяларымен емен-жарқын кездесу барысында қонақтар жаңа Әділет сарайының сапалы салынғанын және ғимарат ішінде сот қызметкерлерінің жұмыс істеуіне барлық жағдай жасалғанын көріп, куә болғандарын айтты. Заң ғылымдарының докторы Бекет Тұрғараев Абайдың өз заманында болыс, би болғанын және заңгер ретінде «Қарамола ережесін» әзірлеп, жазуға қатысқанын тілге тиек етіп,

«Абай елінде әділ судья болу – бақыт!» – деп, семейлік әріптестеріне батасын берді.

1995-2017 жылдары Семей, Шығыс Қазақстан облыстық, қалалық соттарында судья, төраға болып қызмет атқарған делегация мүшелері бұл жерден ескі таныстарын жолықтырып, олардың ақ жарма тілектерін естіп, бір-бірімен құшақ жая амандасып, қауқылдасып қалды.

9 тамыз күні ардагерлер Абайдың 180 жылдық мерейтойы аясында Семейдегі Шәкәрім университетіндегі «Үш анық» залында «Адамзаттың Абайы: руханият, парасат, таным» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысты. Конференцияда абайтанушы ардагер судья Марат Азбанбаев сөз сөйледі.

Сол күні түстен кейін Семейден Жидебайға жолға шыққан сәттен бастап, көзімізді маңайға тігіп, әрқайсымыз өткен жолдарға ой жүгіртіп, бір кездері Абай жүріп өткен жолды көзбен



шолып, қазақтың Бас ақынымен іштей сырласқандай сезімде болдық. Абайдың жолы ауыр жол болғаны өлеңдерінен де белгілі ғой!

1880-1900 жылдары Абайдың жазған сырлы, мұңлы және ойлы өлеңдері мен даналыққа толы қара сөздерін қайталап оқыған сайын, оның тереңдігі мен философиялық пайымына таңғалғанымызды жасыра алмаймыз. Содан бері 140 жыл өтсе де, біз үшін ақынның жазғандары өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Жол-жөнекей Бөрілідегі Мұхтар Әуезовтің музейіне кіріп, ұлы жазушыға тағзым еттік. Бөрілі – әлемге әйгілі жазушы М.Әуезовтің ата қонысы. Жидебайға барар жолда «Еңлік – Кебек» кесенесіне кіріп, ортамыздағы қажы Рахымбек Мамырбаев ағамыз Құран оқып, мінәжат еттік. Күн батпай ардагерлер Жидебайдағы «Абай – Шәкәрім

кесенесіне» жетіп тоқтадық. Судьялар қауымдастығы атынан Жидебайдағы бабалар рухына арнап құрбандық шалып, Құран бағыштадық. Абайдың және Шәкәрімнің кесенелеріне кіріп, ол жерде мәңгілік тыныстап жатқандарға тағзым еттік.

10 тамыз күні ардагер судьялар Қарауылтөбедегі Абайдың ескерткішіне гүл шоқтарын қойған соң, Жоғарғы Соттың ардагер судьялары Р.Мамырбаев, Б.Мақұлбеков, Д.Әмір жергілікті және республикалық телеарналардың тілшілеріне сұхбат берді. Олар өз сөзінде Абайдың кезінде болыс, би болып, ел басқару ісіне араласқанын және заңгер ретінде 74 тармақтан тұратын, «Қарамола ережесін» әзірлеуге атсалысқанын айтты. Сонымен қатар, әр өңірдегі облыстық соттар «Абай би – Абай заңгер» тақырыбында,

тағы басқа да іс-шараларды өткізіп, басылым беттерінде мақалалар жариялап жатқанын тілге тиек етті. Осы орайда қоса кетсем, Абай туралы менің «Әділ би болған» деген мақалам биыл 1 тамызда «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды. Мақалада Абай-

Абайдан – дана Абайға» атты театрландырылған көріністі бастан-аяқ тамашаладық. Түс кезінде дала төсінде тігілген 180 ақ шаңқан киіз үйдің ішіндегі үлкен үйден дәм татып, оқылған Құран ішінде болдық.

Ұлы Абайдың 180 жылдық мерейтойы Семей жерінде



дың әділ би болғанын, оның «Тура биде туған жоқ» деген қағиданы іс жүзінде дәлелдеп, өзінің туған інісі Оспанға тарттырған айыбын да мысал ретінде келтірдім.

Қарауылтөбедегі Абайдың ұлан-асыр мерейтойына еліміздің түкпір-түкпірінен адамдар ағылып келіпті. Абай ауданының ақыны Төлеген Жанғалиевтің: «Қарауыл – күндіз Абай, түнде – Дубай» деп жазғаны шындыққа айналғанын көзімізбен көріп, көңіліміз көктем, жанымыз жаз болғаны да рас! Қарауылтөбеде жайғасып отырып, «Бала

жоғары деңгейде өтті. Ендігі міндет – Абай күнін бүкіл ел болып өткіздік деп шектелмей, ақынның «Толық адам» ілімін кеңінен насихаттауға кірісіп, оның қара сөздеріндегі өмірлік қағидаларды күнделікті тіршілігіміздің, ғылым мен білімнің темірқазығына айналдырсақ деймін. Абай тойы ардагер судьялар үшін де және жалпы еліміз үшін де естен кетпес ерекше мәдени-рухани және тарихи жиын болды.

Қабыл ДҮЙСЕНБИ,
Қазақстан Журналистер және Жазушылар одағының мүшесі

ПАЙЫМ

Ата Заңды қастерлеу – елдікті қастерлеу

Конституция – еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігінің берік тұғыры, құқықтық мемлекеттің, азаматтық қоғамның және демократиялық жүйенің негізі. 1995 жылы бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған Ата Заңымыз Қазақстанның жаңа даму бағытын айқындап берді. Тарихи тұрғыдан алғанда, бұл шешім ел өміріндегі ең маңызды бетбұрыстың бірі болды. Конституция қабылданған сәттен бастап еліміз құқықтық мемлекет қағидастарына негізделген даму жолына түсті.

Ата Заңда көрсетілген нормалар мемлекеттің құрылымын, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ететін мызғымас негіз болып табылады. Конституцияның арқасында біз біртұтас мемлекет ретінде тұрақтылық пен келісімді сақтап келеміз.

Өткен 30 жыл ішінде елімізде Конституция нормаларын нақты іске асыру жолында

ауқымды реформалар жүргізілді. Билік пен қоғам арасындағы өзара сенім нығайып, азаматтардың саяси белсенділігі артты. Бұл – Конституцияның өміршеңдігін, уақыт талабына сай жаңарып, елмен бірге даму үстінде екенін көрсетеді. Жүзеге асырылған саяси реформалар Ата Заңға енгізілген өзгерістер арқылы халық пен билік арасындағы байланысты нығайтты. Конституция – жай ғана заңдар

жинағы емес. Ол – ұлттың келешекке деген көзқарасын, ел болашағына деген сенімін бейнелейтін құжат. Сондықтан оны сақтау, құрметтеу және ұрпақтан-ұрпаққа аманат ету – әрбір азаматтың қасиетті борышы.

Бүгінгі таңда әлемдегі геосаяси жағдай күрделі. Осындай кезеңде мемлекеттің тұрақтылығы мен халық бірлігі бәрінен қымбат. Бұл ретте Конституция бізге бағдаршам

болып, кез келген өзгерісті заңды жолмен шешуге мүмкіндік береді. Ата Заңымыздың 30 жылдығы – тек мерейтой ғана емес, сонымен қатар өткен жолымызға тағзым етіп, болашаққа жаңа серпінмен қадам басатын кезең.

Конституция – халық бірлігінің, мемлекет тұрақтылығының кепілі. Оны қастерлеу – елдікті қастерлеу, оны сақтау – ұрпақ алдындағы аманат. Әрбір қазақстандықтың парызы – Ата Заңымызға адал болып, тәуелсіздік тұғырының нығаюына үлес қосу. Конституция әрдайым ел бірлігі мен мемлекетіміздің тұрақтылығының кепілі бола берсін!

Ш.ҚОЖАНТАЕВ,
Алматы облысы
Қарасай әкімшілік
құқық бұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

Саладағы сындарлы өзгерістер

раптар апелляциялық алқаның шешіміне де тоқтай қоймайды. Тараптар кассациялық алқаның шешіміне үміттеніп, Жоғарғы Сотқа шағымданады. Аудандық немесе облыстық соттар деңгейінде қаралған істер бойынша сот шешімдері қолданыстағы заңнамаға немесе сот практикасына қайшы келсе, жіберілген сот қателіктері кассацияда түзетілуге, сот актілерінің күші жойылуға, өзгертуге жатады. Тиісінше, процесс барысында жаңа кассациялық сот төменгі саты шешімдерінде іс жүргізу нормаларының сақталуына, заңдардың дұрыс қолданғанына баға беріп, барлық дәлелдемелерді объективті түрде қаралғанын қамтамасыз етеді.

Кассациялық соттың тәжірибеге енгізілуі сотқа жаңа серпін берді. Сонымен қатар, бұл Қазақстанның сот жүйесін одан әрі дамытуға, сот шешімдерінің

сапасын арттыруға және азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған маңызды қадам болып табылатыны сөзсіз. Кассациялық соттарды құру жөніндегі іс-шаралар жоспары бірнеше бағытты қамтиды: заңнамалық өзгерістер енгізу, судьяларды оқыту, инфрақұрылымды дамыту және халықпен кері байланыс орнату. Бұл жоспарды жүзеге асыру сот өндірісінің ашықтығын арттырып, құқықтық қорғауды күшейтеді.

Кассациялық соттардың дербес құрудың бірнеше артықшылығы бар:

1. Сот жүйесінің тәуелсіздігі мен әділдігі артады. Кассациялық соттардың дербестігі судьялардың шешім қабылдаудағы тәуелсіздігін күшейтеді, бұл әділ шешімдер қабылдауға негіз болады.

2. Процестердің ашықтығы мен қолжетімділігі қамта-

масыз етіледі. Кассациялық соттардың дербес болуы сот отырыстарының ашықтығын арттырып, азаматтардың процестерге қатысуын жеңілдетеді.

3. Сот өндірісінің сапасы жоғарылайды. Судьялардың мамандану деңгейінің артуы және іс жүргізу процестерінің оңтайландырылуы сот шешімдерінің сапасын жақсартады.

Дербес кассациялық соттарды құру жөніндегі іс-шаралар жоспары Қазақстанның сот жүйесін халықаралық стандарттарға жақындатуға бағытталған батыл әрі маңызды қадам деп түсінемін. Бұл реформа елдің құқықтық жүйесінің жалпы деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

Нұргүл БИХАН,
Ақтөбе қаласы
мамандандырылған тергеу сотының судьясы

ОҢ ҚАДАМ

Бүгінгі таңда сот жүйесі ашықтықты, бейтараптықты және тиімділікті қамтамасыз ету бағытында ауқымды реформаларды жүзеге асыруда. Соның аясында сот істерін тіркеу мен бөлуде ақпараттық технологиялар мен автоматтандырылған жүйелер белсенді түрде енгізілуде.

Роботтандыру – жүйені жетілдіру тетігі

Мұнайлы аудандық сотының тәжірибесінде бұл үдеріс сәтті жүзеге асып келеді. Атап айтқанда, қазіргі уақытта сот өндірісіне түсетін әкімшілік істердің бірқатар санаттары, соның ішінде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (ӘҚБҰК) 610-бабының 1-бөлігі бойынша істер толықтай автоматты тәртіппен тіркеліп, әрі қарай автоматты түрде судьяларға бөлінеді. Аталған бап «Көлік құралдарын жүргізушілердің жол жүрісі қағидаларын бұзуы» жөніндегі әкімшілік құқық бұзушылықты қамтиды. Бұл санаттағы істердің жиі түсетінін және стандартты сипатқа ие болатынын ескере отырып, оларды тіркеу және бөлу процесін автоматтандыру тиімді шешім болып табылады.

Істерді автоматты бөлу «ЕРАП» (Электрондық ресімдеу және автоматтандырылған процестер) және Автоматтандырылған ақпараттық жүйе (ААЖ) арқылы жүзеге асады. Бұл жүйелер нақты алгоритмдер негізінде жұмыс істейді және адам факторын мейлінше азайтуға мүмкіндік береді. Істердің стандартталған ережелер бойынша бөлінуі процестің ашықтығын арттырып, субъективті көзқарастың ықпалын шектейді.

Роботтандыру – жүйені одан әрі жетілдіру бағыты. Арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету әрбір істі оның мазмұнына қарай автоматты түрде талдап, оны тиісті судьяға жүктейді. Бұл уақыт үнемдеумен қатар, істерді әділ бөлуге және қателікті азайтуға ықпал етеді. Мысалы, 2025 жылдың 1-тоқсанында Мұнайлы аудандық сотына ӘҚБҰК-нің 610-бабының 1-бөлігі бойынша түскен 135 іс автоматты түрде тіркеліп, жүйе арқылы тиісті судьяларға автоматты түрде бөлінді. Бұл – сот қызметінің тиімділігін арттыруда цифрлық шешімдердің нақты нәтиже беріп отырғанының көрінісі.

Қорытындылай келе, сот жүйесін цифрландыру, соның ішінде әкімшілік істерді автоматты түрде тіркеу мен бөлу – құқықтық мемлекетті нығайтудың маңызды бағыты. Бұл үрдіс азаматтардың сот төрелігіне деген сенімін арттырып, сот жүктемесін оңтайландыруға, сондай-ақ процестің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Мұнайлы аудандық сотының тәжірибесі – осы бағыттағы табысты үлгінің бірі.

Ерсін КАЗИЕВ,
Мұнайлы аудандық соты әкімшісінің басшысы
Маңғыстау облысы

АЛТЫН ТАМЫР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әйелді ренжіткен адам одан кешірім сұрауға тиіс. Кешірім сұрамаса, арсыздығы үшін айып салынады (24-бап). Кімде-кім азғындыққа жетелеген немесе зорлықпен бұзықтық жолға салған әйелдің арнамысы үшін сол адам өлтіріледі немесе азғындығы үшін одан 200 жылқы өндіріп алынады (25-бап).

Ал дайындауға Абай Құнанбайұлы қатысқан 1885 жылғы «Қарамола заңы» немесе «Билер ережесі» атанған заң-ережеде: балиғатқа толмаған қызға зорлық жасаушы тиісті қалың малдың үштен бір бөлігін төлейді. Балиғатқа толған қызды зорласа, ат-шапан айып салынып, түйе бастаған тоғыз береді. Егер әйелге солай істелсе, айыпкер бір тоғыздан үш тоғызға дейін төлейді. Ойнас жасаған әйел-еркекке де дүре соғылады. Әйелдің күйеуі немесе әйелдің өзі немесе туысқаны, әке-шешесі шарифат шешімін айтса, осы баптың алғашқы жолдарындағы екі келісімді де съезд билері жасайды (30-бап).

Қазақ салт-дәстүрі бойынша күйеуінен әйелін ажыратуға болады, күйеуі белсіз немесе жыныс мүшесі ауруына шалдықса. Ондай себептері болмаса да, күйеуінің келісімімен ажыраса алады. Құда түскен қалың-

дық пен күйеу жігіттің де ажырасуы мүмкін. Егер күйеуі қыздан 25 жас үлкен, бір мүшесі кем, керісінше қыз күйеуден тоғыз жас үлкен, кедей күйеу қалыңмал төлей алмаса, денсаулығы сауыға алмастай нашар, жағымсыз қылықтары әшкереленіп,

алады. Киім-кешек, төсек-орыннан басқа ер балалар өздеріне бөлінген малмен қоса әкесінің бауырларының қамқорлығына қалдырылады. Олар өз арасынан бірін соларға ие етіп бекітеді. Егер мал орынсыз шығынға ұшыраса, соған орай дау

Ерлі-зайыптылар ажырасқан кезде заң балалардың анасында қалуына мүлкіндік береді. Оның артықшылығымен қатар, олқы тұстары да бар екенін жұртшылық уақыт өткен сайын сезіп, біліп, көріп отыр. Бұл мәселе қазір адами тұрғыдан гөрі, ажырасқан отбасында әкесінің жалақысы мен жеке табысынан бала күтіміне бөлінетін алименттің мөлшерімен ғана есептеліп, сонымен бағаланып жүр. Ал әке тәрбиесінен тыс қалып, анасының теріс тәлімімен өзінің тегінен жеріп, ұрпақ жалғастығын жоғалтқан ұлдың ұлт алдындағы жауапкершілігі мүлде бөлек.

басынан еркі кетсе, әйелі мен күйеуді, қалыңдық пен жігітті ажыратуға тура келеді (42-бап).

Күйеуі қайтыс болған, баласыз әйел тұрмысқа шықпаса да, мал-мүлікке иелік етеді. Егер күйеуге шыққысы келсе, баласы болған жағдайда бар малының сегізден бірін, баласыз болса, алтыдан бірін

туса, туысқандары наразылық білдірсе, би алдында тексеріледі.

Қыз ана тәрбиесінде қалуы шарт. Анасы оны күйеуге ұзатып, қалыңмалын алуға қақылы. Қыз тұрмысқа шыққаннан кейін малын сақтаушыға төркіндеп барып, әкесінен қалғаннан өз есесіне алады (51-бап). Жетім қыз әке-шешесінің



көзі тірі кезінде атастырылып, біреу олар қайтыс болған соң құдалықты бұзса, алған күйеу қалыңмалды айыбымен қоса қайтарады. Егер қызы бұрынғы атастырылған күйеуіне тисе, ешкім әкесінен қалған жасауын, мұрасын алуына кедергі жасамайды(73-бап).

Өкінішке қарай, атадан-балаға мирас болып келген бұл қағидалар қазір заман талабына сай біршама өзгерген. Ерлі-зайыптылар ажырасқан кезде заң балалардың анасында қалуына мүмкіндік береді. Оның артықшылығымен қатар, олқы тұстары

да бар екенін жұртшылық уақыт өткен сайын сезіп, біліп, көріп отыр. Бұл мәселе қазір адами тұрғыдан гөрі, ажырасқан отбасында әкесінің жалақысы мен жеке табысынан бала күтіміне бөлінетін алименттің мөлшерімен ғана есептеліп, сонымен бағаланып жүр. Ал әке тәрбиесінен тыс қалып, анасының теріс тәлімімен өзінің тегінен жеріп, ұрпақ жалғастығын жоғалтқан ұлдың ұлт алдындағы жауапкершілігі мүлде бөлек.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Алаяқтар келтірген зиян орасан



(Соңы. Басы 1-бетте)

Онсыз да айлығы шайлығынан аса алмай жатқан халықты әккілер қарызға белшесінен батырып отыр. Осы орайда қыркүйектен бастап банк карталары мен төлем құралдарын үшінші тұлғаларға заңсыз беру, яғни «дропперлік» үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілетіні қуантады, – дейді Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті Ақмола облыстық департаменті басшысының міндетін атқарушы Ақыл Қарпықбаев.

Шілде айында Instagram әлеуметтік желісі арқылы тұрғындарды оңай әрі жылдам пайдаға кенелтемін деген жалған уәдемен алдап келген екі адамнан құралған топ ұсталып, уақытша ұстау изоляторына қамалған еді. Тергеу барысында күдіктілердің 20-ға жуық алаяқтық дерекке қатысы бары анықталды. Сонымен қатар интернетке жалған автокөлік сату туралы хабарландырулар орналастырып, азаматтарды алдағандар қолға түсті. Бұл іс бойынша тергеу амалдары аяқталып, материалдар сотқа жолданды.

Оған қоса, сәуір айында ел тұрғындарының жеке деректерін заңсыз иемденіп, оларды үшінші тұлғалардың атынан түрлі жарнама агенттіктерінде тіркелу үшін пайдаланған Астана тұрғынына қатысты тергеу жүріп жатыр. Алаяқтық жолмен тапқан қаражатты күдікті криптовалютаға айналдырып отырған. Қазір

оған қатысты ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылып, оның еліміздің басқа да өңірлерінде тіркелген 18 алаяқтық дерекке қатысы бары анықталды.

Баспрокуратурамен Қаржылық мониторинг агенттігінің қызметкерлері еліміздің Біріккен Араб Әмірліктеріндегі елшілігінің көмегімен криптовалютамен заңсыз сауда жасағаны үшін іздестірудегі отандасымызды Дубайдан экстрадициялады. Күдікті 2022–2024 жылдар аралығында тиісті лицензиясыз «Binance» криптобиржасының платформасында жеке тұлғалар үшін цифрлық активтерді сатып алу, сату және айырбастауды жүзеге асырып, 400 млн теңге сомасында заңсыз табыс тапқан.

Мамандардың сөзіне сүйенсек, халықтың көпшілігі әлі күнге дейін әлеуметтік желілердегі, телефонындағы жеке деректерді қорғау жолдарын біле бермейді. Салдарынан алаяқтардың кезекті құрбаны болады. Биыл жарты жылда интернет алаяқтар отандастарымыздың 25 млрд теңгесін ұрлаған. Оның тек 1 млрд-қа жуығы ғана иелеріне қайтарылды. Ең өкініштісі де – осы. Қылмыстың ары кетсе 26 пайызы ғана ашылады екен.

– Қазіргі таңда алаяқтар WhatsApp, Instagram сияқты әлеуметтік желілер мен мессенджерлерін, OLX, Kolesa.kz, Krisha.kz сынды онлайн сауда платформаларын белсенді пайдаланып жатыр. Олар әртүрлі сылтаумен сізден ақша сұрауы

мүмкін. Мәселен, тауар немесе қызмет үшін алдын ала төлем сұрау, инвестицияға тарту, сыйлық немесе жеңілдік уәде ету сияқты түрлі айла-тәсілдер арқылы сізді алдауы мүмкін. Ешқашан банк картаңыздың деректерін, ЖСН, SMS-кодтарды немесе басқа да жеке мәліметтеріңізді ешкімге айтпаңыз. Полиция, ҰҚК, банк қызметкерлері ешқашан телефон арқылы сізден жеке деректер сұрамайды және ақша талап етпейді, – дейді Ақтөбе облыстық полиция департаменті Киберқылмысқа қарсы басқармасының жедел уәкілі Жәнібек Шағыров.

Жалпы, қазір елімізде түрлі құқықбұзушылыққа қарсы күресте ұдайы IT шешімдер қолданылып жүр. Мәселен, алаяқтармен күресте «Антифрод орталығы» жүйесінен бөлек, отандық «KazDream» және «Seven Hills of Kazakhstan» компаниялары әзірлеген арнайы бағдарламалық кешендер кеңінен пайдаланылууда. Одан бөлек, «Цифрлық қадағалау» АТЖ бірыңғай платформасына мемлекеттік органдар мен ҰҚКО-лардың деректер базасы біріктірілген. Оған көшедегі 3 мың камера қосылған. Прокуратура органының алғашқы жеті айдағы есебіне үңілсек, нәтижесінде қоғамдық орындардан тәртіп бұзушылық 23 121-ден 21 269-ға дейін, көшелерде 11 035-тен 10 272-ге дейін төмендеген екен.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

«Электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының, жасанды интеллектінің және мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік жүйесінің операторы «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ eGov Mobile қосымшасы ауқымды жаңартудан өткенін жариялады. Атап айтқанда: интерфейсі қайта жасалды, навигациясы жетілдірілді, интеллектуалды іздеу мен цифрлық құжаттарға жедел қол жеткізу мүмкіндігі қосылды. Жаңарту өсіп келе жатқан сұранысқа жауап ретінде іске асырылды. Өйткені бес жыл ішінде eGov Mobile қолданушыларының саны алты есеге өсіп, 11 миллионнан асты.

eGov Mobile қосымшасының жаңа нұсқасы қолжетімді

Егер өзгерістерге жеке-жеке тоқталатын болсақ, біріншісі – интеллектуалды іздеу. Енді сұранысты енгізген сәтте барлық сәйкес нәтижелер көрсетіледі: қызметтер мен өмірлік жағдайлар. Іздеу жолағының жанында жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін eGov AI виртуалды көмекшісі пайда болды. eGov AI қосымшаға кіріктірілген және пайдаланушыларға мемлекеттік қызметтер жөнінде қажетті ақпаратты жылдам табуға көмектеседі. Ол чат форматында жұмыс істейді – сұрақ қойсаңыз, көмекші қарапайым тілмен не істеу керегін түсіндіреді, қажет болса бірден тиісті бөлімге немесе қызметке бағыттайды. Мұндай тәсіл уақытты үнемдеп, навигацияны жеңілдетеді. Іздеу жолағы жанындағы eGov AI белгішесін басу жеткілікті – сол сәтте чат ашылып, бірнеше секунд ішінде жауап алуға болады.

Бесіншісі, цифрлық құжаттарға жедел қол жеткізу. «Цифрлық құжаттар» бөлімі айтарлықтай жаңартылды. Жеке куәлік, паспорт, туу туралы куәлік және өзге де маңызды құжаттар енді басты бетте бірден көрсетіледі – жеке бөлімге кірудің қажеті жоқ. Бұл қажетті құжатты немесе оның түпнұсқалығын тексеруге арналған QR-кодты лезде көрсетуге мүмкіндік береді.

Алтыншысы, өмірлік жағдайлар каталогы. Пайдаланушыларға қолайлы болуы үшін өмірлік жағдайлар бойынша жеке каталог енгізілді. Мұнда, мысалы, емханаға тіркелу, құжаттарды қалпына келтіру немесе жүргізуші куәлігін алу тәртібі бойынша кезең-кезеңімен нұсқаулық берілген.

Жетіншісі, eGov QR қызметінің жетілдірілуі. Енді экранда қызметтің мақсаты туралы түсініктеме көрсетіледі, ал қажет



Екіншісі, қауіпсіздік күшейтілді. Жаңарту барысында ақпараттық қауіпсіздікке ерекше мән берілді.

Үшіншісі, ыңғайлы навигация. Басты бетте енді ең танымал сервистердің белгішелері көрсетіледі – оның ішінде мемлекеттік қызметтерге тізімі енді қосымшаның төменгі мәзіріндегі «Сервистер» белгішесі арқылы қолжетімді. Басты беттегі танымал сервистерден бөлек, мұнда барлық қызметтер тақырыптар бойынша реттеліп берілген.

Төртіншісі, жаңартылған «Сервистер» бөлімі. Қолданушылар үшін барлық цифрлық сервистер тізімі енді қосымшаның төменгі мәзіріндегі «Сервистер» белгішесі арқылы қолжетімді. Басты беттегі танымал сервистерден бөлек, мұнда барлық қолжетімді құралдар бөлімдер бойынша топтастырылған.

болған жағдайда түнгі уақытта қолдануға ыңғайлы болу үшін экран автоматты түрде жарықтанады.

Сегізіншісі, «Хабарламалар» бөлімін жаңарту. Қызмет мәртебелері, сауалнама нәтижелері және маңызды жаңартулар туралы хабарламалар енді тақырыптар бойынша топтастырылған, бұл қажетті ақпаратты іздеуді жеңілдетеді.

Тоғызыншысы, жеке профильдегі кеңейтілген деректер. Енді жеке мәліметтер, отбасы, денсаулық, еңбек қызметі, айыппұлдар, мүлік және басқа да салаларға қатысты ақпарат көрсетіледі. Сондай-ақ берілген келісімдер тарихы қолжетімді, ал қажетті бөлімге өту айқын және логикалық навигация арқылы жүзеге асады.

Қ.ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

ӨҢІР

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында облыста 3 000 орынға арналған 6 заманауи мектеп салынды. Бұл білім ошақтары инклюзивтілік пен цифрландыру талаптарына сай келетін соңғы технологиялармен жабдықталған. Сонымен қатар, Өскемен қаласындағы Есенберлин көшесінде орналасқан тағы бір мектеп білім басқармасының балансына беруге дайын тұр.

Бұдан бөлек, Зайсан қаласында 300 орындық жаңа мектеп Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражаты есебінен бой көтерді.

Жаңа оқу жылы Шығыс Қазақстан облысында елеулі өзгерістермен басталмақ. Өңірде заманауи білім беру инфрақұрылымын қалыптастыруға қарқынды инвестиция жасалуда. Жаңа мектептер салынып, цифрлық технологиялар енгізілуде, ал оқушылардың қауіпсіздігі мен жайылығы енді жай ғана тілек емес, нақты стандартқа айналып отыр. Бұл жөнінде ШҚО Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Білім басқармасы басшысының орынбасары Алима Ақылбек мәлімдеді.

Мектептің есігі 1 қыркүйекте оқушыларға айқара ашылады.

Өңірдегі 347 мектептің барлығы интернет желісіне қосылған. Оның ішінде 170 мектепте Starlink жүйесі негізінде пилоттық жоба жүзеге

асырылып жатыр. Бұл — білім беру платформалары мен цифрлық ресурстарға тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз ететін жаңа шешім.

Барлық мектептерде бейнебақылау жүйелері мен кіруді бақылау

жүйелері орнатылған. Сонымен қатар, «Әлеуметтік әмиян» жобасы іске асырылуда — бұл ата-аналарға балалардың ас мәзірін қадағалап, ал жеткізушілерге есептілікті ашық жүргізуге мүмкіндік беретін аппа-

раттық-бағдарламалық кешен. Жаңа оқу жылында мұндай жүйе 108 мектепте жұмысын бастайды, ал 191 мектеп «Бизнес әмиян» мобильді қосымшасына қосылған.

Биыл 488 млн теңгеден астам сомаға 40 заманауи пәндік кабинет (химия, физика, биология, STEM, робототехника) сатып алынды. 2026 жылы тағы 35 жаңа буын кабинетін ашу жоспарланып отыр.

2026 жылға қарай облыста тағы 3 жаңа мектеп салу және 12 мектепті күрделі жаңғырту көзделген. Бұл жұмыстар шағын қалалар мен ауылдардағы 50 білім беру мекемесін қамтитын болады.

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің баспасөз қызметі

ТАРАТУ

2. «MD Education Зияткерлік даму орталығы» ЖШС (БСН 230140027150) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Уәлиханов көшесі, №95.

3. «Қарғалы-Мұрат» селолық тұтыну кооперативі (БСН 100440004463) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Отырар ауданы, Қарғалы ауылдық округі, Отырар елді мекені 007 орам, тел. +77056035142.

4. «Тархан секьюрити» ЖШС-ның СҚО бойынша филиалы (БСН 221041050772) Петропавл қаласы, 3.Космодемьянская көшесі, 2-үй, 3-пәтер, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде: ҚР, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Республика даңғылы, 1/2 ғимарат мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. 8 701 227 97 96.

5. «Тархан секьюрити» ЖШС Қарағанды облысы бойынша филиалы (БСН 240141012813) ҚР, М28С8М1, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Б.Момышұлы даңғылы, 55/2 үй, 56-пәтер, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде: ҚР, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Республика даңғылы, 1/2 ғимарат мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. 8 701 227 97 96.

7. «Wood Way» ЖШС (БСН 180640028313) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Бөгенбай батыр көшесі, 271-үй, 106-пәтер. Тел. 8 777 288 70 00.

8. «Anisimov Project (Анисимов Проджект)» ЖШС (БСН 141240027752) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ұлытау облысы, индекс 200000, Жезқазған қаласы, Қаныш Сәтбаев алаңы, 1-ғимарат. Тел. +7 701 228 63 08.

9. «Елшіхан» ЖШС (БСН 061240006673) Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Ырғыз ауылы, Әбілқайыр хан көшесі, 26-үй, өзінің таратылатындығын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Ырғыз ауылы, Жангелдин көшесі, 10/1-үй. Тел. 8 705 919 91 77.

19. АҚ «Idemia Identity & Security France» Қазақстан Республикасындағы өкілдігі (БСН 080342003911) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Наразылықтар осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 17-ғимарат, 8-кеңсе.

ӘРТҰРАІ

10. «Сары-арқа 01» ЖШС (БСН 141040020282 (заңды тұлға ретінде «Сары-арқа 01» ЖШС қызметін кейіннен тоқтата отырып, «Тур Бек – Астана» ЖШС-на (БСН 970740004078) қосылу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар Астана қаласы, Сейфуллин көшесі, 31, 224-кеңсе мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады. Тел. 8 747 463 29 20.

11. «Тур Бек – Астана» ЖШС (БСН 970740004078) «Сары-арқа 01» ЖШС-на (БСН 141040020282) қосылу жолымен өзінің қайта құрылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сейфуллин көшесі, 31, 224-кеңсе. Тел. 8 775 835 70 01.

12. «ЖанСу 362» ЖШС (БСН 230440005577) «Шапағат-ЖҚ» ЖШС-на (БСН 050140025245) қосылу жолымен өзінің қайта құрылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, өнеркәсіптік аймақ 5, 1- ЕЗА (еркін экономикалық аймақ) аумағы, 37/25 ғимарат. Тел. 8 707 839 59 99.

13. «Шапағат-ЖҚ» ЖШС (БСН 050140025245) «ЖанСу 362» ЖШС-на (БСН 230440005577) қосылу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Сайын Шапағатов ауылы, IV квартал, 21-ғимарат мекенжайы бойынша қабылданады. Тел: 8 778 985 81 39.

ЖАРНАМА

14. «Бауыр Строй КЗ» ЖШС (БСН 051140003415) «Алека» ЖШС-на (БСН 160740019225) қосылу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 17 ықшам ауданы, 22-ғимарат, 109-кабинет. Тел: 8 778 321 89 77.

15. «Алека» ЖШС (БСН 160740019225) «Бауыр Строй КЗ» ЖШС-на (БСН 051140003415) қосылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 17 ықшам ауданы, 22-ғимарат, 109-кабинет. Тел: 8 778 321 89 77.

16. Қостанай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 08 тамыздағы ұйғарымымен «Аягөз» ЖШС (БСН 990440006929) қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды.

20. «ЕНКА-BATYS (ЭНКА-БАТЫС)» ЖШС (БСН 200240012399) өзінің таратылуының жойылғаны туралы хабарлайды және әдеттегідей жұмысын жалғастырады.

17. «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі Басқарма мүшесі – цифрландыру және стратегиялық даму жөніндегі проректоры бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды. «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының мекенжайы: Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 187 А.

Қызметтің негізгі мәні – жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласында білім беру қызметтерін ұсыну болып табылады.

Қызметтің мақсаты – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу, оқыту және білім беру үшін, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамыту және әзірлемелерді коммерцияландыру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім, білім беру мекемелерінде және (немесе) тиісті салалардың үкілетті органдарында немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдарда басшы қызметтерде кемінде 3 жыл еңбек өтілінің болуы. Конкурсқа төмендегі тұлғалар қатыса алмайды:

- 1) жиырма бес жастан кіші;
 - 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
 - 3) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
 - 4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрғандар;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.
- Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға мынадай құжаттарды ұсынады:
- 1) белгіленген нысандағы өтініш;
 - 2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
 - 3) 3x4 үлгідегі түрлі-түсті фотосуреті бар конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;
 - 4) Білім туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсына отырып, көшірмелері;
 - 5) жұмыс орны (қазіргі немесе соңғы) бойынша кадр қызметімен куәландырылған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
 - 6) № 086/у нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды);
 - 7) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттарды ұсыну күніне дейін бір жылдан аспайтын уақыт бұрын берілген психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
 - 8) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттарды ұсыну күніне дейін бір жылдан аспайтын уақыт бұрын берілген наркологиялық ұйымнан анықтама;
 - 9) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымды атқаруға тыйым салынбағанын растайтын құжат.

Тиісті мемлекеттік органдар сектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда көрсетілген қызметті алушылар Конкурсқа қатысушылар 6, 7 және 8-тармақшаларда көрсетілген құжаттарды ұсынбайды.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

Конкурсты өткізу күні мен орны қосымша хабарланады. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ корпоративтік хатшысына ұсыну қажет, Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 187А, 214 кабинет, телефоны: 8 (7282) 22-00-51, 87479641306.

18. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнындағы байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурстың шарттары, өткізу күні мен орны

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнындағы байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу бойынша конкурс (бұдан әрі – конкурс) жариялайды.

Конкурсты өткізу орны: Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 5-кіреберіс.

Кәсіпорынның орналасқан жері: 050060, Алматы қаласы, Өтепов көшесі, 1.

Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: донорлықты дамыту, қан мен оның компоненттерін дайындау, қан компоненттері мен препараттарын өндіру және сақтау, донорлық пен трансплантология саласында зерттеулер жүргізу, зертханалық зерттеулер үшін пайдаланылатын құралдарды шығару жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары білімі, сондай-ақ мына талаптардың біріне сәйкес келуі тиіс:

- 1) денсаулық сақтау немесе ұйымның бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;
- 2) денсаулық сақтау немесе ұйымның бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл тәжірибесінің болуы;
- 3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелігі.

Мынадай:

- 1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
- 2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;
- 3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адам байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайланбайды.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін түрде);
- 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 3) өмірбаян (еркін түрде);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екенін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушының өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіптік деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным туралы құжаттардың көшірмелері) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Құжаттарды қабылдау басталатын күн – мерзімді баспасөз басылымдарына конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күн.

Құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде мына мекенжайға ұсынылуы тиіс: Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 5-кіреберіс.

Үміткердің конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкестігіне жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінде сұхбат жүргізіледі.

МҰРАГЕРЛІК

6. 22.08.2025 жылы қайтыс болған азамат Тилеген Дауреннің атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін нотариус Ж.С.Жаппаровқа, мына мекенжайға Астана қаласы, Қорғалжың көшесі, 25-үй, 7-кабинетке хабарласуын сұраймыз.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page.kz» ЖҚ, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖҚ, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

ЖҚ «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖҚ «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖҚ «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Өуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖҚ, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖҚ «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖҚ, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖҚ «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖҚ Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖҚ Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖҚ Тажиббаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖҚ Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖҚ «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖҚ «Выйдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА

– Екі сағат бұрын жан тапсырған. Пышақ жүрекке бойлап кірген, – деді сарапшы, – Бір сілтегеннен қабырғаға соқпай жүрек тұсын көздеуі қылмыс-кердің жай адам емесін көрсетеді. Жүрек нешінші қабырғаның тұсында екенін сау-сақпен санағандай біліп тұр. Суық қару жүрекке тіке емес, сәл ғана ауытқып кіруіне қарағанда бұл адам теңізші бо-луы керек. Оң жақ аяғына күш салып сіл-теген. Саусақ ізін пышақ сабынан мұқият сүртіп тастаған.

Полковник Абылай Қайсенов ойға кетті. Мұндай қылмыстың талайын ізін суытпай ашып жүр. Бірақ, әр қылмыстың өзінің жұмбағы бар. Мүрде өзен жаға-сынан табылып отыр. Мал қарай шыққан ауыл тұрғыны көріп, дереу полицияға хабарлаған.

Өлген адам бұрын сотталған ірі денелі Мақтым деген егде жастағы жігіт. Көріп-геннің қолынан шейіт кететін адамға ұқсамайды. Қасында төрт сыра мен арақтың екі шөлмегі, жартылай желінген бір түйір кепкен қаракөз балығы жатыр. Инспектордың назары балыққа ауды. Неге бір түйір кепкен балық? Бұлар не осыншама ішімдікке бір түйір қаракөз ала салған ба? Қасында кімдер болды? Неге келісе алмады? Пышақты ту сыр-тынан емес, қарсы алдынан сілтеген. Қо-лында суық қаруы бар адамды еңгезер-дей жігіт жанына қалай жақындатқан? Қорғанбай ма? Алыса кетіп, қарсыла-сын астына салып алғанда пышақ ұрған деуге айналадағы шөп жапырылмаған. Ондай жағдайда жүрек тұсын көздеуі мүмкін емес. Мақтым арақ пен сыраны қатар сілтеген соң мас болып қапыда қалды ма? Сонда бәрін бұл ішіп, қарсы-ласы мүлдем татпаған ба? Ол да ішкен болса, пышақты дәл жүрекке салғанына сенімді болуы екіталай. Жоқ дегенде 2-3 рет сілтейді. Төрт сыра мен екі шөлмек арақ ішетіндей бұл не той? Стақан орны-на жалғыз кесе қолданылған. Марқұм-ның қасында сол күні кімдер болды? Қай дүкеннен ішімдік саудалады?

Осындай сұрақтар толғандырған пол-ковник орын алған қылмысқа қатыс-ты детальдарды бүге-шүгесіне дейін анықтауға кірісті. Өлген жігіт сол күні ауылдағы бірде-бір дүкеннен арақ ал-маған. Күн жексенбі, таңертең ертемен адам көп жүре бермейтіндіктен, Мақтым-ды ешкім көрмеген. Алайда, ол өзі алма-са да, басқа біреуді жұмсауы мүмкін ғой. Абылай қателеспепті, бір дүкендегі ка-мерадан оның қасында Балтай деген жі-гіттің жүргені анықталды. Қуырымға еті жоқ қатқан қара Балтайдың Мақтым сия-қты еңгезердей жігітті өлтіргеніне сену қиын. Бірақ, кім білген, өмір күтпеген жағдайларға толы. Әлпі Балтай дүкеннен бір емес, екі мәрте сауда жасап, ішімдік-тер алған. Абылай жігіттің қайда жұмыс жасайтынын анықтаған соң, үйіне іздеп келді. Анасы қайтыс болған, қарында-сы қалада тұрмыста, әкесі екеуі тұрады екен. Бір рет үйленіп, ажырасқан.

– Иә, таңертеңгі тоғыздан кете сұрағандарын алып бергенім рас, – деді Балтай, – Бірге ішкен жоқпыз. Рақметін айтып, пакетті қолына ұстап кете барды. Мен үйде қалдым.

– Ол оңбаған «рақмет» деген сөзді қалай айтты? – екеуара әңгімеге Балтай-дың әкесі араласты.

– Сіз оны жақсы білесіз бе? – деді Абылай оған жалт бұрылып.

– Мақтымды кім білемейді? Тепсе темір үзетіндей жігіт! Еш жерде жұмыс жаса-майды. Әйелінен ішімдікке салынған соң ажырасып кетті. Арақ ішуден, әлсіздерге әлімжеттік жасаудан басқаны білмейді. Қасында өзі сияқты маскүнемдер жүреді. – Әлімжеттік жасаса олар неге поли-цияға арызданбаған? Жанында жүретін-дердің аты-жөндерін айтып бересіз бе?

Абылай олар жайлы жазып алған соң, сұрағын жалғастырды.

– Балтай Мақтымның ұялы телефо-нында соңғы рет сізге хабарласқаны көрініп тұр. Жаңа сіз рақметін айтып кетіп қалды дедіңіз.

– Тағы да бірер сыра әперуімді сұра-ды. Алып бердім.

– Жағаға апарып тастадыңыз ба? Әлде, өзі келіп алып кетті ме? Келсе қасында кімдер болды? Шөлмектестері бірге жүретіні анық қой.

– Өзі келіп алып кетті.

– Демек, қасындағы адамды жағада тастап, жалғыз келген бе? Дүкен мен екі ара біршама жер. Олар қалай қалып қойған? Қасындағыларды жұмсай салар еді, олар сізді танымайды, солай ма?

РЕТІРГЕН БАЛЫҚ



– Мені ауылда бәрі таниды.

– Баламнан күдіктеніп отырғаннан саумысыз? Балтай оны өлтірген уақыт-та үйде болды. Оған мен күәмін, – деді әкесі.

– «Оны өлтірген уақытта» дейсіз бе? Бұл сонда қай мезгіл?

– Мен оны қайдан білейін,– қарт шоқ басқандай ыршып түсті, – Таңертең өлі-гін жағадан тапты деп естідім.

– Балтай кеше туған күніңіз болды. Жа-лақы да іздегенге сұраған дегендей түсе қалды. Жағада атап өткен жоқсыз ба?

– Жаңа айттым ғой, ұлым үйде болды деп.

Тағы да бірер сұрақтар қойғаннан кейін инспектор орнынан қозғалды. Үй иесі оны шығарып салмақ болып бірге ілесті. Полковник дәлізден өтіп бара жатып, ас үйдің ашық тұрған есігінен үстел үстіндегі газетте желінген, желін-бегені бар бірнеше кепкен балық жатқа-нын көзі шалды. Ойына қылмыс болған жердегі бір түйір балық оралды. Бал-тай Мақтымға арақ әпергенін айтты, бірақ, балық жайлы сөз қозғаған жоқ қой. Ол арақ пен сыра алған дүкеннен кепкен балықты кездестірмеді. Сонда «тіске басарға» деп Балтай бір түйір кішкентай ғана кепкен балық берген бе? Ол мүмкін емес. «Ей, мынауың не? Жмот болмай берсейші екеу-үшеуін», – дейді ғой. Әлде қасындағы маскүнемдердің бірі әкелді ме?

Мақтымның жанындағылармен бірге қанша ішсе де, сол балықты тауыспағы-ны қызық. Мүмкін бір түйір балық емес шығар, қалғанын әлдекім әкеткен бо-лар? Неге? Күдіктінің үйінен көрген балықтар инспекторды осындай ойға қалдырды. Полиция бөліміне келгеннен кейін Мақтымның қасында жүргендер-ден үш-төрт адамнан жауап алды. Бәрі де азып-тоза бастаған, бет-ауызы ісін-ген, жақтарын жүн басқан, үстерінен жағымсыз иіс сасыған біреулер. Кейбіре-уінің отбасы, үйленген балалары бар. Алайда, жүрістері мынау. Үшеуі ол күні марқұмды көрмеген болып шықты. Али-билерін тексергенде шын айтып отыр-ғандары анықталды.

– Таңертең Мақтым маған келді, – деді төртіншісі, – Басы ауырып тұрға-нын айтып, мұңын шақты. Досым болған соң аяп, бір шөлмек арақ алдым. Басқа ақшам жоқ екенін айттым. Мақтым де-ген бөшке ғой, шөлі бір жартылыққа қана ма? «Ізбасар, – деді маған, – Дүкен жаққа барайық». Әйелімнің сөйлегеніне қарамай оған ілестім. Сол жерде бізге Балтай кездесті. Мақтым оны бір шөлмек алуға көндірді. Бұрыннан талай бірге ішіп жүрміз ғой. Балтай бір шөлмек пен екі сыра алыпты. Сөйтсек, туған күні екен. Үйінен он шақты кепкен балық алып шықты. Үшеуіміз жағаға барып отырдық. Содан кейін Балтай дүкенге тағы барып қайтты.

– Түсінікті, одан әрі не болды?

– Мен Мақтымға: «Сен Балтайға ал-дыра бермей, неге өзің ақша шығар-майсың?» – дедім. Екеуіміз сөзге келіп қалдық. Ол ашуланып мені бір ұрды. Ашуланып, қаным басыма шапшыды. Орнымнан атып тұрып, балағаттап, есім кіресілі-шығасылы тәлтіректеп басып үйіме кеттім. Арғы жағы есімде жоқ, – деген Ізбасар басын ұстады.

– Ендеше есіңізге салаймын. Үйіңіз-ге кетейін деп тұрған сәтіңізде Мақтым екеуіңіз қайтадан керілдесіп қалдыңыз-дар. Сізге ұмтылғанда жерде жатқан пышақты алып, бар күшіңізбен сілтеп

үлгердіңіз. Сіздің қатты ашуланған-да көзіңіз ештеңені көрмейтінін естіп жатырмыз. Балтай сіздермен бірге болғанын жасырып отыр.

– Қайдағы пышақ? Ол жерде пышақ болған жоқ. Бізге ол не үшін керек? Кеп-кен балық жұмсақ, қолмен сындырып жедік.

– Пышақ болмаса адам өлмес еді, – инспектор оған барлай қарады – Кімнің пышағы екенін айтыңыз.

– Мүмкін Мақтымдікі, бәлкім Балтайдікі шығар. Сол пышақты көруге бола ма?

Абылай Қайсенов целлофанға са-лынған пышақты Ізбасардың алдына қойды. Жігіттің селт етіп, түсі бұзылып сала бергені инспектордың назарынан тыс қалмады.

– Жоқ, мынау біздің үйдің пышағы емес.

– Әйеліңіз танып отыр, сіз жоқ дей-сіз, – инспектор сөз орайында айта сал-ды. Бірақ, бұл сөзі нысанаға дәл тиіп, күдіктіге қатты әсер еткені оның жүзінен байқалды.

– Иә, біздің үйдің мүлкі. Бірақ, мен кісі өлтірген жоқпын.

Ізбасармен әңгімеден соң ертеңіне Абылай Балтаймен сөйлесті. Қылмысты жасырып қалса оған қатысы бар адам ретінде жауапқа тартылатынын ескертті. – «Білемін деген көп сөз, білмеймін деген бір сөз» демей ме? Ұлым Мақтым-ды Ізбасар өлтіргенін айта алмаған шығар. Қандай дегенмен де кісі өлімін бірінші рет көрген адам қорқы қалады. Бұл үшін кінәламассыз, – деді әкесі.

– Сізден емес, Балтайдан сұрап отыр-мын. Мақтымды өлтірген Ізбасар ма?

– Иә, – деді Балтай.

Инспектор оның көз жанарынан әл-денеге алаңдаушылықты, мазасыздықты байқады. Полковниктің ойына неге екені белгісіз бір түйір кепкен балық тағы да оралды. Балтайдың үйінде аршылған қаракөз бен тікендері тұрды ғой. Дастар-хана тұрғанда газет төсел жеген бе? Кеп-кен балыққа газетті далада төсейді. Жігіт Мақтыммен бірге жағада болған шығар. Онда неге жасырып отыр? Бұл жерде бір жұмбақ бар. Әлде далада жел үйге алып келіп, қоя салды ма? Оның ойын шақыр-туымен келген Ізбасардың әйелі бөліп жіберді. Ол пышақты бірден таныды.

– «Арақты қоятын уақытың болды, шашыңа ақ кірді ғой. Бұрынғыдай жас емессің, денсаулығың да нашар. Ата сақалың кеуденне түскенше ақыл кір-мейтін неткен адамсың?» деп әлденеше рет айттын. «Иә, иә, қоямын», дейді. Сөзімді тыңдағында бұлай болмайтын еді, – әйел өкісіп жылап бетін екі қо-лымен басты, – Сау жүргенде одан жақ-сы адам жоқ. Бұл пышақты сол күні таба алмай қалдым. Ет тұрайын деп үстелге қоя салып едім. Артынша бұзауға шөп салып, қора тазалап, біраз кідіріп келсем орнында жоқ. Құдайым-ай, бұлай бола-ды деп кім ойлаған.

– Ізбасар онда үйде бар ма еді? Ішіп жүрді ме?

– Ала таңмен оған арақты кім береді? Бірақ, бұзауға шөп сала ғой деп айтай-ын деп шықсам, таба алмадым. Бір кез-де қарасам Мақтым екеуі кетіп барады. Айқайлап шақырып едім, тындамады. Тұра тұрыңыз, ол кеткенде пышақ үстел үстінде жатты. Иә, иә, ол әкеткен жоқ.

– Мүмкін кері айналып келіп алған шығар. Әйтпесе, қылмыс болған жерге қалай барып қалады?

– Білмедім, басым қатып кетті, – деді әйел қол орамалымен жасаураған көзін

сүртіп, – Мақтым екеуі жақсы дос, ондай қылмысқа барады деп ойламаймын.

– Үйге мас болып келгенде киімінде қан дағы болды ма?

– Бір жақ көзінің асты көгеріп тұрды. Қасының үсті аздап жарылып кетіпті. Соны сұртсе керек, көйлегінің жеңіне қан тиіпті.

– Көйлек солай тұр ма, әлде жуып тастадыңыз ба?

– Әзірге жуа қойған жоқпын. Жұмыс-тамын, қол тимейді. Сенбі күні ғана кір жуып, үй тазалаймын.

– Ендеше, сол көйлекті маған беріңіз.

Сараптама көйлектегі қанның Ізба-сарға тиісті екенін анықтады. Абылай ертеңіне қылмыс орын алған жерге тағы да барды. Жіптің ұшын қолға ұстатар бір айғақ қалған шығар, кім білген?! Жағада жыңғылдың көлеңкесінде малдас құрып бір қарт отыр. Темекісі тартулы. Жалғыз қойын арқандап қойыпты, қасында қо-зысы жайылып жүр. Инспектор қасына жайғасып амандық-саулық сұрап, әңгіме бастап, оны біраздан кейін орын алған қылмысқа бұрды.

– Иә, Мақтым тентек жігіт, – деді қарт – Оған арақ алып берген Балтай да сау сиырдың сойы емес. Кезінде талайдың басына әңгір таяқ ойнатқан жуан жұ-дырық. Өзі теңіз десантында болған. Әскерден келгеннен соң теңізде, ресей-лік бір кемеде біраз жыл жұмыс жаса-ды. Сол күні маған оның әкесі де қарсы шықты. Осылай қарай кетіп бара жатты. Оған дейін Ізбасардың үйінің қасынан көріп едім. Жағада үш жігіт арақ ішіп отырғанын байқадым. Үлкен адамын ғой, күнге қарсы жүрген соң сәулесі көзіме шағылысып, олардың кім екенін анықтай алмадым. Бірақ, қойларымды оларға жолатпайын, бірденеге ұрынып қалармын деп басқа бағытқа әкеттім. Қазіргі жастар арақ ішсе, ақылдарын жоятыны белгілі ғой.

Полковниктің ойына сарапшының ай-тқаны оралды. Қылмыскер Балтай не-месе оның әкесі екеніне күмәні қалма-ды. Теңізші болса екі аяғына бірдей күш түсіріп талтандай жүреді. Себебі кеме шайқалғанда палубадан құлап кетпеуі керек. Әскери-теңіз десанттары қол-ма-қол шайқастың неше түрін жақсы меңгереді. Денелі болуы шарт емес. Сол себепті пышақпен жүрек тұсынан дәлдеп ұрған. Демек, өлтіруді мақсат тұтқан. Кепкен балықты Балтай үйден апарған шығар. Әкесі оның қайда бара жатқанын біліп қалып, екеуінің арасында ұрыс-кер туындаған ғой. Байқатпай ұлының артынан баққан. Мүмкін қылмыскер сол шығар. Ол баласын өзіне қарсы қойғаны үшін Мақтымды өлтірген, сол жерден Балтайды, кепкен балықтың қалғанын өзімен бірге әкеткен. Бірақ жартылай желінген біреуі түсіп қалғанын асығып жүргенде аңғармаған. Ізбасардың бала-сымен бірге ішетінін білген соң, онымен сөйлесуге барған. Үйінде болмаған соң бір шешімге келіп үстел үстіндегі пы-шақты алып кеткен. Сөйтіп бір оқпен екі қоянды атып, біреуін өлтіріп, оны екін-шісінің мойнына іліп соттатып жібермек болған. Бірақ, мұны қалай дәлелдейсің? Ешқандай айғақ жоқ.

Бастапқыда Балтай да, әкесі де ат-тонын алып қашып мойындамады. Бұрынғы сөздерінен танбады. Амал жоқ айлаға көшуге тура келді. Полковник екеуімен жеке-жеке сөйлесті. Алдымен Балтайдың әкесін алдыртты.

– Бірден айтайын сізбен әңгімені дик-тофонға жазып отырмын. Сол күні сізге

қой жетектеген Жекен қарт кездескен, – деді Абылай – Қанша жасырсаңыз да ол пышақты көргенін айтып отыр. Одан кейін сіз барған жақтан айқай естіген. Пышақты қанша сұрткеніңізбен қо-лыңызда резина қолғап жоқ, бір шетін-де саусақ таңбасы қалған. Экспертиза ол сіздікі екенін, теңізші болғаныңызда да дәлелдеді. Жыңғылдың көлеңкесіне жайғасқан Жекен қарт балық салған газетті ұстап, масаң ұлыңызды желкелеп үйге алып бара жатқаныңызды байқаған. Ізбасардың үйіндегі пышақты алып кет-кеніңізді оның әйелі көрген. Тағы қан-дай дәлел керек? Осы адамдарды сізбен беттестіріп, қылмысты жасырып отыр-ған ұлыңызды бірге жауапқа тартамын. Қасқана адам өлтіргеніңіз үшін бірнеше жылды мойныңызға ілесіз. Егер мойын-дасаңыз жазаңыз жеңілдейді.

– Мойындаймын, иә, теңізші болға-ным, ұлымның да бірер жыл қасында істегені рас. Мақтымды мен өлтірдім. Себебі ол менің ұлымды қатарына тар-тып маскүнемге айналдыра бастады. Балтайды ұрып та, қорқытып та көрдім. Бірақ, ол ащы судың тұңғығына бата берді. Бір рет Мақтымға да қол жұмсап, енді аямайтынымды ескерттім. Оған ба-лама жолама деп бірнеше рет ескерт-тім. Алайда, еш нәтиже болған жоқ. Көз алдымда жалғыз ұлымның құрдымға кететінін біліп, жаным құлазыды. Сол күні Балтай таңертең шоланға кіріп, кепкен балықтарды газетке орап алып жатқанын көрдім. Екеуіміз сөзге келіп қалдық. Мен ашуланып бөлмеме кіріп кеттім. Біраз жатқан соң, Ізбасардың үйіне тарттым. Олар көбіне сол үйде отырып ішетінін білемін. Онда жоқ екен. Үстел үстінде жатқан пышақты ұстап, жағаға беттедім. Жолай удай мас Із-басар кездесті. Оған тиіскен жоқпын. Айтқанды ұғатын жағдайда емес. Жағаға келсем ұлым Мақтым екеуі ішіп отыр. Мақтым маған отыр деп қасын нұсқады. Мен ұлыма да, оған да айқайлап ұрыс-тым. Ішіп алған Мақтым мені боқтап тұра ұмтылды. Ашу қысып шыдай алмай кеттім. Көзім тұмданаңнып, не істеп, не қойғанымды білмеймін. Қаным басы-ма теуіп, қолымдағы пышақты сілтедім. Ол тіл тартпастан кетті. Өлтірейін де-ген ойым жоқ, қорқытып қойғым келді. Қатты ашуланғанда өмірін қиғанымды байқамай қалдым. Содан кейін ұлымды желкелеп, газет үстінде жатқан кепкен балықтарды қолым алып, үйге беттедім. Кепкен балықты үйге алып кеткен се-бебім, ол менің көктемде ызғырық жел-дің өтінде жүріп аулаған еңбегім. Көзім қиып тастап кете алмадым.

– Сіз байқамай қалған жоқсыз, бірден Мақтымды өлтіруді мақсат етіп шыққан-сыз, – деді Абылай, – Не істегеніңізді жақсы білетін ақыл-есі дұрыс адамсыз. Әйтпесе пышақты бір ұрғаннан жүрегіне қадамысыз. Ізбасар мас екенін көрдіңіз, пышақты сол үйден алдыңыз. Адам өлімін содан көреді деп ойладыңыз. Ұлыңызға мұны сол үшін жасағаныңыз-ды айтып, үйде болдым деген сөзден танбауын ескерттіңіз.

– Иә, бәрі дәл солай.

Оны алып кеткеннен кейін кезекші полицей полковникка Балтайдың жо-лыққысы келетінін мәлімдеді.

– Менің әкемнің еш кінесі жоқ, – деді ол, – Әкем мені қорғаштап кінәні өз мой-нына алып отыр. Шындығына келсек, Мақтымды өлтірген менмін. Себебі ол ақыл айтқан әкемді көзімше балағат-тап қалтасынан пышақ шығарып тұра ұмтылды. Қара сапты жиналмалы пы-шақ үнемі қалтасында жүретін. Пышақ ұстап әкеме ұмтылғанын көргенде есімді тез жиып, отырған орнымнан атып тұрып, оны қолынан жұлып алдым. Көзді ашып-жұмғанша кеудесіне сұғып үл-гердім. Бәрі қас-қағым сәтте өтті. Қалай жылдам қимылдағаныма өзім де таңмын. Қандай дегенмен де десантта үйренгенім әсер еткен шығар. Содан кейін пышақты өзенге лақтырып жібердім. Егер менің орнымда болсаңыз сіз не істер едіңіз?

– Пышағын жұлып алумен шекте-лемін, – деді Абылай

– Айтуға оңай, менің қандай күйде болғанымды сіз ұқпайсыз.

– Қандай жағдайда да адам өлтірмес едім. Ізбасардың пышағы онда қалай барып қалып жүр?

– Әкем сол үйге барып алып шы-ғыпты.

– Түсінікті, – деді полковник – Сізбен жөне әкеңізбен әңгіме түгелдей дикто-фонға жазылды. Енді осы айтылғанын бәрін мына қағазға түсіріп, қолыңызды қойыңыз. Қандай жаза тағайындайты-нын сот шешеді.

Қанат ҒҰМАРОВ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Батыс Қазақстан облысы	Шадиар Мекенбайұлы 87757335665 Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «Б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanklamentaстана@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5922 дана
Апталық таралым 11844 дана

Тапсырыс №127 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«Б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31